



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

ҚАЗАҚСТАНДА  
ДАМУДЫҢ ЖАҢА  
КЕЗЕҢІ БАСТАЛАДЫ

2-бет



СПОРТТАҒЫ  
ЖЕМҚОРЛЫҚ  
ЖОЙЫЛМАЙ,  
ЖЕҢІСТЕРГЕ ЖЕТЕ  
АЛМАЙМЫЗ

4-бет



КАК ДЖАНГЕЛЬДИН  
СТАЛ ИВАНОМ  
СТЕПНОВЫМ

14-бет

# ҚАЗАҚ УНИ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№1-2 (975-976) 17.1.2022 жыл

## ХАЛЫҚТЫҢ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙ АЛАТЫН ХАЛЫҚТЫҚ ҮКІМЕТ КЕРЕК!

АУЫР СЫННАН АМАН ӨТКЕНІМІЗ - ПРЕЗИДЕНТКЕ НАҒЫЗ СЕНІМ АРТУ!



### ҚОСЖАН ӘЛЕМІ

Автор ширек ғасырдан аса зерттеу жүргізген «Менің Қосжаным» атты жаңа жинағында бар-жоғы отыз бес жыл ғұмыр кешіп, жарық жұлдыздай ағып өткен дарынды ақын Қосжан Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы және ғұмырының беймәлім тұстары жайлы сыр шертеді.

8-9  
бет



Жаңа жылдың алғашқы аптасы – Тәуелсіз мемлекетімізге қатер төнген, төңкеріс жасауға ұмтылған аса ауыр күндер, «Қаңтардың қанды аптасы» болды! 1.Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев Ел басына күн туғанда – Ер басына күн туған барлық ауыр сынақты Мемлекет басшысы ретінде көтере біліп, елін аман сақтап қалды! Осы Ел тағдыры шешілген ауыр күндерде Президент Тоқаевты Халықтың қолдап, үлкен сенім артуы - Президент Сайлауынан кейінгі, ел басына күн туғандағы ауыр сынақтан өткен нағыз сенім арту болды- және ол сенім абыроймен ақталды! Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ел Ерге қарағанда, жерге қарамай, Ер екенін көрсетті – Тәуелсіз Елді сақтап қалды! Президент елге айқын ГАРАНТ екенін анық көрсетті!

6  
бет

## НАРЫҚ РЕТТЕЙ АЛМАҒАН БАҒАНЫ ХАЛЫҚ РЕТТЕЙДІ

ШЕРУГЕ ШЫҚПАСА, ХАЛЫҚ ТАЛАБЫ ОРЫНДАЛМАЙ МА?

Жаңаөзен қаласынан басталып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуды талап еткен бұқаралық шеру еліміздің басқа да аймақтарында орын алғаны белгілі. Өкініштісі, бейбіт шеруге шыққан қарапайым халық ереуілін лаңкестер арам ниеттеріне пайдаланып, елімізге бүлік салды. Әкімшілік, стратегиялық маңызы бар нысандарды басып алып, сауда орталықтарын талқандап, еліміздің экономикасына миллиардтаған шығын келтірді. Ең бастысы қорғаныс саласы мен күштік құрылымда қызмет етіп жүрген адамдарымыз зардап шекті.

3  
бет

## ШТУРМ АЛМАТЫ: КАКИЕ ЕГО ПРИЧИНЫ?

«Обращает на себя внимание высокая организованность хулиганствующих элементов. Это свидетельствует о тщательно продуманном плане действий заговорщиков, которые мотивированы финансово. Именно заговорщиков». Так сказал президент Касым-Жомарт Токаев после того, как площади мирных митингов превратились в поле битв. Казалось бы, надо выявить этих заговорщиков, назвать их имена и наказать их.



5  
бет



## ҚАНДЕНДЕРГЕ ТІЛ ЕМЕС, СҮЙЕК ҒАНА КЕРЕК

ЖАСАРАЛ ҚУАНЫШАЛИН, ЖАРЫЛҚАП ҚАЛЫБАЙДЫҢ ПОРТРЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖАНБОЛАТ МАМАЙ, СЕРІКЖАН БІЛӘШ, БЕРКИН САДЫКОВ, ТОҚТАР ЖАҚАШТАР ТУРАЛЫ ЭСКИЗДЕР

Қазір біздің қоғамда жалған оппозиционер, ұлтына, тіліне қарсы шолақ белсенділерді көргенде осындай қандендер ойға оралады. Әу баста осындай ойы да, бойы да шолақ немерлерге «ҚАНДЕН» деген диагноз ойлап тапқан едім.

12  
бет

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:

# ҚАЗАҚСТАНДА ДАМУДЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ БАСТАЛАДЫ

ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысына қатысқан мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңадан құрылған Үкімет басшысы лауазымына Әлихан Смайыловтың кандидатурасын ұсынды. Мәжіліс депутаты Әлихан Смайыловтың Министрлер кабинетіне жетекшілік етуін қолдап, бірауыздан мақұлдады.

«Тәуелсіздік тарихында біз алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезеңге тап болдық. Ел басына түскен осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып өңсере білдік. Енді біз мұндай жағдайға ешқашан жол бермеуіміз қажет» - деді Қ. Тоқаев Мәжіліс отырысында сөйлеген сөзінде елдегі орын алған жағдайға байланысты. Сонымен бірге қаза болған тәртіп сақшыларының, әскери қызметшілер мен қарапайым азаматтардың отбасына көмек көрсетіп, тұрғын үймен, оқумен және басқа да қажетті нәрсемен қамтамасыз ететіндігін жеткізді. Қысқа мерзім ішінде қираған дүние-мүлікті қалпына келтіріп, қалыпты өмірге қайта оралу үшін барлық шараларды ұйымдастыруға тапсырма берді. Жекелеген азаматтар мен бизнес өкілдеріне қолдау көрсетіледі. Еліміздің қауіпсіздігін сақтау үшін шекараларды нығайтып, әскери саланы күшейтетін шұғыл шараларды жүзеге асыру қолға алынады.

Президент қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікке назар аударып, халықтың табысы тек қағаз жүзінде ғана өсіп отырғанын айтты. Осыған байланысты бұқараның наразылығы пайда



болып отыр. Сондықтан еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажеттігін алға тартты. Заман талабына сай әлеуметтік бағдары бар нарықтық экономика құру және дамыту қажет. «Сол себепті, кәсіпкерлікті дамыту үшін жүйелі жұмыс атқару өте маңызды. Мен бизнеске түскен бюрократиялық салмақты айтарлықтай азайтып, оның өсіп-өркендеуіне жол ашатын заңға қол қойдым» - деді Президент.

Мемлекет басшысы адамдарды мемлекеттік қолдау, қаржы саласы жұмысына және өзге де орын алған кемшіліктерге қатысты сын айтты. Әсіресе кейбір банктер өз пайдасын ғана ойлап кеткенін, «Самұрық-Қазына» қоры қызметінің тиімділігі де сөз болды. «Самұрық-Қазына» қоры еліміздің стратегиялық активтерін басқару ісінде басты рөл атқарады. Сондықтан, Үкіметке Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігімен бірлесіп, квазимемлекеттік секторды түбегейлі реформалау үшін ұсыныстар әзірлеуді тапсырды.

Экономиканың қозғаушы күші - қуат көздері халықты қатты аландатып отыр. «Тіпті, жанар-жағар май бағасын жарты жыл бойы қолдан реттеуге мәжбүр болып отырмыз. Осы кезеңде Бас прокуратура Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, сондай-ақ Энергетика министрлігімен бірлесіп, осы саладағы жұмыстарды ретке келтіруге, оны реформалау үшін кешенді ұсыныстар әзірлеуге тиіс» - деді Қ. Тоқаев. Бұдан басқа экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін, ауыл шаруашылығын дамыту сияқты түрлі сала жұмыстарына тоқталып, тиісті тапсырмалар берді. «Бәріміз бұл оқиғадан сабақ алуымыз керек. Ең бастысы, береке-бірлікті, тыныштық пен тұрақтылықты сақтауымыз қажет. Енді, Қазақстанда дамудың жаңа кезеңі басталады. Бұл шынайы жанару кезеңі болады. Егемен елімізді бірге өркендетейік! Халқымыз үшін Тәуелсіздік бәрінен қымбат. Жаңа Қазақстанды бірге құрайық!» - деп аяқтады өз сөзін мемлекет басшысы.

## ҮКІМЕТТІҢ ЖАҢА ҚҰРАМЫ ЖАСАҚТАЛДЫ

Бұдан бұрын отставкаға жіберілген Асқар Мамин басқарған Үкімет құрамы жаңартылып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілді.

Жаңа Үкімет енді төмендегідей құрамда жұмыс істейтін болады: Әлихан Смайлов – ҚР Премьер-Министрі, Роман Скляр – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, Ералы Тоғжанов – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, Мұхтар Тілеуберді – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сыртқы істер министрі, Бақыт Сұлтанов – ҚР Премьер-Министрінің орынбасары – Сауда және интеграция министрі, Ғалымжан Қойшыбаев – ҚР Премьер-Министрі Кеңесінің Басшысы, Мұрат Бектанов – ҚР Қорғаныс министрі, Ерлан Тұрғымбаев – ҚР Ішкі істер

министрі, Асқар Омаров – ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі, Ербол Қарашөкеев – ҚР Ауыл шаруашылығы министрі, Қанат Мусин – ҚР Әділет министрі, Асхат Аймағамбетов – ҚР Білім және ғылым министрі, Ажар Ғиният – ҚР Денсаулық сақтау министрі, Серік Шәпкенов – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Қайырбек Өскенбаев – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі, Ерұлан Жамбаубаев – ҚР Қаржы министрі,

Дәурен Абаев – ҚР Мәдениет және спорт министрі, Юрий Ильин – ҚР Төтенше жағдайлар министрі, Әлібек Қуантыров – ҚР Ұлттық экономика министрі, Бағдат Мусин – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі, Серікқали Брекешев – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі, Болат Ақшолоақов – ҚР Энергетика министрі.



## ПРЕЗИДЕНТ ЖЕДЕЛ ШТАБ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Мемлекет басшысының төрағалығымен Алматыда жедел штаб отырысы өтті. Онда Үкіметтік комиссияның төрағасы, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаев және Ішкі істер, Қорғаныс, Төтенше жағдайлар министрлері баяндама жасады.

Президентке Алматы қаласына қосымша күштер, соның ішінде ҰҚШҰ бітімгерлік контингентінің күштерін жұмылдыруға қатысты берген тапсырмасының нәтижесінде қала ланкестерден толық тазартылғаны туралы баяндалды.

Қазіргі уақытта қала тіршілігін қамтамасыз ететін барлық саланың жұмысын қалпына

келтіру белсенді жүргізілуде. Бақытжан Сағынтаевтың хабарлауынша, қаланы жылу, электр қуаты, су және газбен қамтамасыз ететін барлық нысан қалыпты жұмыс істеп жатыр. Сауда орталықтары, қоғамдық тамақтану орындары, базарлар, жанармай бекеттері және өнеркәсіп орындары жұмыстарын жандандыруда, қоғамдық көлік іске қосылған. Бұдан бөлек тәртіпсіздік кезінде келтірілген шығын көлемін анықтау жұмыстары да жүргізілуде.

Жедел штабы отырысының қорытындысы бойынша Үкіметтік комиссия мен жергілікті әкімдіктер бірлесіп қысқа мерзім ішінде барлық аймақтағы нысандарды қалпына келтіруге, үздіксіз транспорт жұмысын қамтамасыз етуге, азық-түлікпен қамтамасыз етуге, сондай-ақ шағын және орта бизнес нысандарының жұмысын жандандыруға күш салу тапсырылды.

## БИЛІКТІ БАСЫП АЛУ ӘРЕКЕТІ БОЙЫНША ТЕРГЕУ БАСТАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті ҰҚК-нің бұрынғы төрағасы К.Қ.Мәсімовке қатысты мемлекетке опасыздық жасау фактісі бойынша сотқа дейінгі тергеу жұмыстары жалғасуда.

Осы істің шеңберінде билікті күшпен басып алуға және лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануға бағытталған

іс-әрекеттер фактілеріне қатысты қосымша сотқа дейінгі тергеп-тексерулер басталды, деп хабарлады ҚазАқпарат ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Аталған қылмыстарды жасады деген күдікпен К.Мәсімовтен басқа ҰҚК төрағасының бұрынғы орынбасары – «А» арнайы мақсаттағы қызметінің бастығы А.Садьқұлов пен ҰҚК төрағасының бұрынғы орынбасары Д. Ерғожин ұсталды.

## МИНИСТР ЖАНАРМАЙДЫҢ ШЕКТІ БАҒАСЫН АТАДЫ

ҚР Энергетика министрі Болат Ақшолоақов Үкіметтің жаңа құрамы отырысында жанармай түрлерінің шекті бағасын атап, оның қандай деңгейде болатынын жария етті.

«Мемлекет басшысының Парламент Мәжілісінде берген тапсырмаларын іске асыру үшін бірқатар қысқа мерзімді шаралар қабылданды. Атап айтсақ, бензин мен дизель бағаларын мемлекеттік реттеуді белгілеу, мұнай өнімдерін бөлшек саудада өткізуге шекті бағаларды бекіту бойынша тиісті бұйрықтар қабылданды», - деген министр аталған өнімдер бойынша қандай шекті мөлшер енгізілгенін атады.

Оның айтуынша, қазір мұнай өнімдерінің бағасы төмендегідей болмақшы:

- 1) АИ-80 маркалы бензин – литріне 89 тенге;
- 2) АИ-92 маркалы бензин – литріне 182 тенге;
- 3) АИ-93 маркалы бензин – литріне 182 тенге;
- 4) АИ-95 маркалы бензин – литріне 215 тенге;
- 5) дизель отыны (жазғы, маусымаралық) - литріне 230-260 тенге.

Әрине, бұқара басқаша шешім күткен-ді. Қазіргі жанармай құны арзан деуге келмейді. Осыған байланысты барлық тауарлардың да бағасы көтеріліп отырғаны белгілі. Бір ғана сұйытылған газдың бағасын түсіру халықтың тұрмысын жақсартпайтын жаңа Үкімет ойлап үлгермеген секілді...

## МҰҒАЛІМДЕР МЕН ТӘРБИЕШІЛЕРДІҢ ЖАЛАҚЫСЫ ӨСТІ

2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша балабақша тәрбиешілерінің, мектептер мен колледждердің, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесі педагогтерінің жалақысы тағы 25 пайызға ұлғайды. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Айта кетелік, педагогтердің жалақысы 2020 жылдың қаңтарында 25 және 2021 жылдың қаңтарында тағы 25 пайызға өскен болатын. Осылайша, мұғалімдердің жалақысы екі есе ұлғаяды.

«Біз мұғалімдердің жалақысын көтерудің сөзсіз оңасрын көріп отырмыз. Біздің кәсібімізге – педагог кәсібіне қазіргі таңда үздіктер келеді. Педагогикалық мамандыққа түсетіндердің ҰБТ орташа балы айтарлықтай өсті және «Алтын белгі» иегерлерінің саны бірнеше есеге көбейді. Мұғалімдердің еңбекақысын арттыру ел болашағына үлкен инвестиция болып табылады», - деді бірінші вице-министр Шолпан Каринаова.



Педагогтердің жалақысы оқу жүктемесіне, білім деңгейіне, біліктілігіне, жұмыс өтіліне, магистр дәрежесінің болуына және басқа да қосымша ақыларға байланысты есептеледі. 2021 жылы магистрлік дәреже үшін үстемалы алушылар шеңбері кеңейтілді. Атап айтқанда, әдістемелік кабинеттердің әдіскерлеріне магистр дәрежесі үшін қосымша ақы белгіленді. Дене шынықтыру мұғаліміне де спорттан тыс уақытта қосымша спорт секцияларын өткізгені үшін төлемдер қарастырылған. Сондай-ақ, осы жылдың 1 қаңтарынан бастап кітапханашылар, бухгалтерлер, зертханашылар және білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің жалақысы өсті. 2022 жылдың қаңтар айында олардың жалақысы орта есеппен алғанда 20 пайызға артады.

Жаңаөзен қаласынан басталып, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсартуды талап еткен бұқаралық шеру еліміздің басқа да аймақтарында орын алғаны белгілі. Өкініштісі, бейбіт шеруге шыққан қарапайым халық ереуілін лаңкестер арам ниеттеріне пайдаланып, елімізге бүлік салды. Әкімшілік, стратегиялық маңызы бар нысандарды басып алып, сауда орталықтарын талқандап, еліміздің экономикасына миллиардтаған шығын келтірді. Ең бастысы қорғаныс саласы мен күштік құрылымда қызмет етіп жүрген адамдарымыз зардап шекті. Олардың қатарындағы ондаған жастардың өмірі қыршынынан қиылды. Қаншама бала-шаға әкесінен, қаншама ата-ана баласынан айырылып, жесір қалған жарлары зар илеп қалды. Бұдан асқан қасірет бар ма?..

Бірқатар жаңа министрлер лауазымға ие болды. Мәселе премьер-министрді ауыстыруда емес. Алдымен «Үкімет неге доғарысқа түсті?» деген сұраққа жан-жақты жауап іздеуіміз керек. Оның себептері өте көп. Оның бірқатарын ҚР Парламенті Мәжілісінің отырысына қатысқан мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та атап өтті. Шынына келсек, бұл туралы БАҚ-та, бейбіт ереуілге шыққан бұқара тарапынан бұрындар

мүліктерді жекешелендіру науқанынан басталған-ды. Ата-бабаларымыздың, әке-ағаларымыздың ғасырлар бойы жинап, ұрпақтарына қалдырған бар байлығын біздің биліктің басына шығып алғандар, солардың туыстары мен айналасындағылар өз әкелерінен мұраға алғандай басып қалды. Ал қарапайым халыққа қотыр қозы да бұйырмады. Мемлекеттік мүлікті жекешелендіру үшін оны белгілі

тұрғындарымыздың тұрмысы күн сайын төмендеп барады. Соған шыдай алмаған адамдарымыз амалсыз алаңға шығуға мәжбүр. Қанды қаңтар соның нәтижесі.

Байлардың қалай байып жатқаны туралы неге айттып отырмыз? Өйткені оның халықтың тұрмысына тікелей әсері бар. Ірі өндіріс саласын иеленгендер тойымсыздыққа салынған, бағаны көтерушілер де солар. Мұнай, көмір, металл тағы да басқа пайдалы қазбалар өзіміздік болғанмен одан шығатын өнімдер тым қымбат. Әсіресе қуат көздерін заңсыз қымбаттатқан. Соған байланысты барлық салада қымбатшылық орнады. Олай болуға тиісті емес. Ал біздің билік болса тордағы тоты құс секілді «бағаны нарық реттейді» дегенді қайталаудан аспайды. Нарық заңы бізде жұмыс істей ме? Ол туралы біздің билік ойланбайды да. Бізде жемқорлыққа негізделген жабайы нарық қалыптасқан. Өйткені бақылау жоқ.

Рас, бақылаушы орындар елімізде жетіп артылады. Мыңдаған қызметкерлеріне жоғары жалақы төлейміз, оларға түрлі жеңілдіктер де қарастырылған. Айталық, есеп комитеті, сот, прокуратура, жемқорлыққа және монополияға қарсы күрес мекемелері, полиция сияқты құзырлы органдар көп. «Олай болса отыры жемқорлықты жеңе алмай негізгі?» деген заңды сұрақ туындайды.

Ашығын айтсақ, майлы жілікті ұстаған монополистер, олигархтар үкіметке бағынбайды, әбден байып алды. Ертең билікке таласатын да солар болады. Кәсіп иелері мен жұмысшылардың пайызын асып кеткенін айтып мемлекет басшысы бұл кемшілікті жоюға тапсырма бергені белгілі. Бірақ оны ешкім орындаған жоқ. Билік оларға ештеңе істей алмай отыр. Жұрт алдына шығып алып, қырамыз-жоямыз дегенмен іс жүзінде билік басындағылар өздерінің шарасыздығымен оларға қолдау көрсетіп отыр дегуе болады. Оның да бірнеше себептері бар. Мысалы, жіті тексеріп бұлтартпайтын дәйек келтірмеген соң мынандай жорамал жасауға болады. Біріншіден, тексеруге барған құзырлы орын өкілдері жемқорлыққа көзі жұмып қарағандары үшін қарағанда ұшындайды. Екіншіден, сол пайдасы шашетектен кәсіпорындарда жоғары лауазымдылардың өз қомақты үлесі бар. Тіпті, сол кәсіпорындардың нақты иесі болулары ғажап емес. Жоғары мемлекеттік қызметте отырып жасырын қолдап кәсіпкерлерді бақылау болмақшы? Мұндайды жең ұшынан жалғасқан жемқорлық дейді. Анда-санда қылмыспен күресіп жатқан сыңай танытып бірекі жемқорды ұстап қамайды. Сосын көп уақыт өтпей «рақымшылық» жасап, басынан сипап түрмеден шығарып жібереді. О бастан осы әдіспен құрылған жүйе өзінің жеңісті жолын отыз жыл бойы жалғастырып келеді. Жаппай жемқорлықты жеңе алмай жатқанымыздың басты себебі де осы. Нәтижесінде қарапайым халық сіңірі шыққан кедейге айналды.

Халық арасында «қанды қаңтар» аталған оқиғадан соң біздің билікте бір қозғалыс басталғандай, қаңтан тоң жібіп, сірескен сең сөгілгендей. Мемлекет басшысының Мәжіліс отырысында айтылған сөздері мен тапсырмаларына сенетін болсақ осы аталған және қоғамымызда қалыптасқан өзге де көптеген кемшіліктер жойылатын сияқты Ләйімі солай болғай!..

# НАРЫҚ РЕТТЕЙ АЛМАҒАН БАҒАНЫ ХАЛЫҚ РЕТТЕЙДІ ШЕРУГЕ ШЫҚПАСА, ХАЛЫҚ ТАЛАБЫ ОРЫНДАЛМАЙ МА?

Бұл орын алған қайғылы оқиға нені көрсетті? Біріншіден, біздің күштік құрылымдар мұндай төтенше жағдайға дайын еместігін айғақтап берді. Әншейінде бейбіт шеруге шыққан шал-кемпірлер мен қыз-келіншектерді екі бүктеп автозаққа тығатын шенділеріміз қарулы қылмыскерлерге қарсылық көрсетіп, тойтарыс беруге дәрменсіздіктерін байқатты. Бейбіт шеруге шыққан белсенділердің ізін аңдып жүріп, қауіпті жауды назарларынан тыс қалдырған. Екіншіден, қаруланған лаңкестер үлкен дайындықпен, мақсатты түрде ұйымдасқан ірі күш екенін көрсетті. Осы тұста мына бір жағдайды ата кеткен жөн. Құқық қорғаушылар алаңда бейбіт адамдармен араласып кеткен топқа қарсы қару жұмсай алмады. Өйткені қарулы қақтығыста бейбіт шеруге шыққан қарапайым жазықсыз жандар оққа ұшып, адам өлімі жүздеген есе көп болатын еді. Сондықтан бұл тұрғыдан алғанда біздің құқық қорғаушыларға кінә арту артықтау дер едік.

Сорақысы сол, күштік құрылымдардың ішіндегі ең құзырлысы, мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндетті Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басшысы Кәрім Мәсімовтің сатқындық күдігіне ілініп қамауға алынуы болды, жұрттың жағасын ұстатты. Осының алдында ғана Кәрім Мәсімовтің бірінші орынбасары Самат Әбішті мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев орнынан босатқан болатын. Ал Самат Әбіш елімізді отыз жыл басқарған Нұрсұлтан Назарбаевтың немере інісі екенін бүкіл ел жақсы біледі. Оның қызметінде не үшін қосатылғаны белгісіз, көпшілікке құпия болып келді. Бірнеше күн өткенде, жақында ғана ҰҚК оның қызметінде қалғаны, кезекті еңбек демалысында жүргені туралы хабар таратты. Бұл екі деректің қайсысына сенуге болады?..

Кәрім Мәсімов те Н.Назарбаевтың сенімді адамдарының бірі. Біздің Үкіметті бір емес, екі рет басқарып, ҚР премьер-министрі болған. Түрлі лауазымды қызметтерді сеніп тапсырған, отыз жыл бойы қол астында қызмет еткен адамның сатқындық күдігіне ілінуі оны тағайындаған басшыларға деген халықтың да күдігін тудырып отырғаны жасырын емес. Демек, бізге мемлекеттік қызметкерлерді іріктеу мен тағайындау жұмысы екі аяғынан бірдей ақсап жатыр деген сөз. Бір сөзбен айтқанда биліктегі саяси дағдарысты пайдаланып, кейбіреулер қарулы төңкеріс жасамақ болды. Мемлекетті төңкеріп, ішімізде билікке ие болғысы келгендердің жоспарын өзара байланысқа түскен сырттан келген лаңкестер де іске асырмақшы болды. Абырой болғанда тәуелсіздігімізді сақтап қалдық.

ҚР Президенті бұл бүлікке қатысты егжей-тегжейлі тексеріс болатынын, кінәлілер қатаң жазаланатынын жариялап, құзырлы орын басшыларына тапсырма берді. Мемлекет басшысының тапсырмасы толықтай орындалады деп үміттенеміз. Құқық қорғау органдары бұл бүлікке саяси, заңдық тұрғыдан лайықты бағасын беріп, тиісті шараларды жүзеге асырады деп сенеміз.

## ХАЛЫҚ ШЫДАМЫН ТАУЫСТЫ, ДӘРМЕНСІЗ ҮКІМЕТ АУЫСТЫ

Үкіметті ауыстыру бірінші рет орын алып отырған жоқ. Бұған дейін де түрлі себептермен Министрлер кабинеті талай рет тарқатылған болатын. Әрине, жақсы, нәтижелі жұмыс істегендіктен емес. Осы жерде мына бір мәселені айта кеткен жөн сияқты. Біздегі үкіметті ауыстыру деген аты ғана, көзбояушылық үшін жасалған шараға қатты ұқсайды. Өйткені, оның қолынан түк келмейтін министрлер мен түрлі деңгейдегі әкімдерден тұратын құрамы сол күйінде қалады. Әрі кетсе бір-екі министр ғана орнын босатады. Оның өзі ертеңінде тағы бір жоғары лауазымға ие бола қояды. Бір қызметте түк бітірмеген лауазымды шенеунік екінші бір жердің де көсегесін көгертпесі белгілі. Соны біле тұра, жаңаша биліксіз маманды тағы да қоллап, қызметін дәтерге кәсіпкерлерді елдерде Министрлер кабинеті түгел құрамда доғарысқа түседі және оларға ешкім басқа қызмет тауып бермейді. Бұл бізде мамандарды таңдау, қызметке тағайындау тамыртанысты, туысқандық, керек болса жемқорлық, парақорлық жолымен жүргізілетінін көрсетеді. Оны мойындауымыз керек, өйткені өткен отыз жылдық тәжірибеміз нақ осыны көрсетіп келеді.

Алдындағы Үкімет құрамы секілді Асқар Мамин басқарған министрлер кабинетіне де халықтың наразылығы көп болды. Оның отставкаға кетуін бұқара талап еткені қашан. Өйткені Мамин басқарған үкімет мемлекеттік бағдарламаларды дер кезінде орындауды үйлестіре алмай, қол астындағығылар жемқорлықпен ұсталып, тіпті пандемия кезінде дәрі-дәрмектердің талан-таражға түсуіне жол берді. Соның кесірінде қаншама тұрғындарымыз дер кезінде емделе алмай өмірімен қоштанды. Соған қарамастан, біз нашар жұмысы үшін отставкаға кеткен А.Маминды арқасынан қағып, алғыс айтып жатырмыз. Не үшін?.. Оны ертеңгі күні тағы бір лауазымды қызмет күтіп тұрғаны белгілі, өйткені біздің жүйенің қалыптасқан қағидасы осындай...

Сонымен Үкімет басшысы болып Әлихан Смайылов тағайындалды.



да жылдар бойы айтылып келген. Бірақ нәтиже нөл, халық үніне құлақ асқан үкімет болмады. Енді мына «қанды қаңтар» оқиғасынан кейін естерін жиған билік халыққа бет бұра бастаған секілді. Жаңа үкімет жылдар бойы қордаланған мәселені шеше ала ма, соған деген шынайы ниеті бар ма? Бұл сұраққа дәл қазір алдынала жауап беру қиын, оны мықты деген көріпкел де айта алмайды.

Халықтың наразылығы сұйытылған газдың бағасының шектен тыс қымбаттауынан басталғаны белгілі. Шын мәнінде бұл бір ғана себеп болатын. Бұғаусыз кеткен баға өзге де сала бойынша көтерілді. Айталық, жанар-жағар май, коммуналдық төлемдер мен күнделікті тұтынатын азық-түлік бағасының әлсін-әлсін қымбаттауы халықтың тұрмысын төмендетіп жіберді. Алатын жалақылары мен әлеуметтік көмектері өмір сүруге жетпейтін жұрттың ашу-ыза-сы шегіне жеткен-ді. Қарапайым халық билікке таласып көшеге шыққан жоқ, бар-жоғы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларының мүшкіл екенін, өмір сүрудің қиындап кеткенін айтып шығып жүрді алаңдарға. Ал билік болса олардың талабын орындаудың орнына күш жұмсап, белсенділерін қамауға алумен болды. Сөйтіп халықпен есептеспеудің соңы міне қанды қаңтарға жеткізді.

## ШІРІГЕН БАЙЛАР мен СІҢІРІ ШЫҚҚАН КЕДЕЙЛЕР ҚОҒАМЫ

Мәселенің саяси жағын жиыстырып қойып, тек қана экономикалық, әлеуметтік- тұрмыстық жағын ғана қарастырып көрелікші. Бұл жағдай бір күнде немесе бір жылда қалыптасқан жоқ. Ол үшін сонау Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарына көз жүгірту керек. Экономикалық былық пен әлеуметтік теңсіздік атышулы мемлекеттік

# СПОРТТАҒЫ ЖЕМҚОРЛЫҚ ЖОЙЫЛМАЙ, ЖЕҢІСТЕРГЕ ЖЕТЕ АЛМАЙМЫЗ

**Мәжіліс депутаты Андрей Линник «Ақ жол» фракциясы атынан ҚР Бас прокуратурасына депутаттық сауал жолдап, спорттағы сыбайлас жемқорлыққа қатысты жанжалдар бойынша шаралар қабылдауды, спортшыларды қорлаудан қорғауды талап етті.**

Бір айдан кейін Бейжіңде әлемдегі ең маңызды спорттық іс-шара - 24-ші Қысқы Олимпиада ойындары басталады. Қазақстан ұлттық құрамасының біз үшін дәстүрлі спорт түрлерінен ең мықты спортшыларымыз қатысқан Токиодағы сәтсіз ойынын және Қазақстанның қысқы спорт түрлерінде әлі ерекше жетістіктері болмағанын ескере отырып, алдағы олимпиадада күрес нәтижелерін өзгеше күтеміз. Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде созылмалы сипатқа ие спорттық ортада, оның ішінде Қазақстан жақсы нәтижелерге жетеді деп сенетін спорт түрлері бойынша сыбайлас жемқорлық жанжалдары жиі жарыққа шығуда.

Сыбайлас жемқорлық қылмыстарының арасында спортты дамытуға бөлінген бюджет қаражатын жымқыру, спортшылардан оларды дайындау мен өнер көрсетуге бөлінген ақшаны қорқыту алу қылмыстары да бар. Мәселен, 2021 жылдың қазан айында фристайлдан ұлттық құрама спортшысы Александр Геберт және басқа спортшыларды оларға түскен тәуліктік қаражатты бас бапкердің жеке шотына аударуға бас тартуларына байланысты құрамадан



шығарылған кезде жанжал туындады.

Бейне хабарламадан көрініп тұрғандай, жұмыстан босату 2020 жылы орын алып, спортшының кәсіби жарамдылығына сілтеме жасалды. Бас жаттықтырушы даудай туралы өз көзқарасын айттып, жаттықтырушылар көбінесе өз есебінен спортшылардың тамақтануын, кейде тұруын төлеуге мәжбүр болатындығын түсіндірді. Осыған байланысты ол спортшылардан шығындарды өтеуді сұраған. Жаттықтырушының пікірінше, бұл жағдай біздің спортта кең таралған құбылыс.

Алайда, әйел жаттықтырушы спортшымен сөйлесуде әдепсіз сөздерді қолданып, оны қорлаған. Бұл диалогтардың аудио жазбасы әлеуметтік желілерде тарап, қоғамда наразылық тудырды. Осы

орайда, мұндай шығындарға бюджеттен бөлінген қаражат қайда кетті? Мәдениет және спорт министрлігінің жаттықтырушының орынсыз мінез-құлқына реакциясы қайда?

Ең қауіптісі, түсініктемелерге сүйенсек, бұл жағдай тіпті ерекшелік емес, бұл жағдай - қазақстандық спорт үшін ереже. Мәселен, өткен жылдың қараша айында Степногор қаласындағы олимпиада резервінің мектеп-интернатында жанжал туындады, онда оқытушылардың салғырттығы кезінде тәрбиеленушілерді ұрып-соғу жүйелі түрде жүргізілген. Бұл осы мектептегі бірінші жағдай емес. 2014 жылы оқушы терезеден құлап, бас сүйегінің ашық сынуы, жақтың сынуы, мидың контузиясы, өкпенің зақымдануымен және екі қабырғаның да сынуы жағдайы

болған. Туыстарының айтуынша, баланы алдымен ұрып-соғып, содан кейін терезеден лақтырған. Осыған қарамастан, интернат директорлары алдымен жұмыстан шығарылған, содан кейін сертификат пен мерейтойлық медаль алып, бұл туралы соңғысы әлеуметтік желілерде мақтанудан жалтармады.

Тағы бір жанжал 2021 жылдың қыркүйегінде ауыр атлетші Альберт Линдердің өз-өзіне қол жұмсауының аясында басталды. Сол кезде Қазақстанның ауыр атлетикалық қауымдастығы ұлттық құраманың жаттықтырушылар штабы тарапынан болған өрескел бұзушылықтар туралы бірқатар мәлімдеме жасады. Талқылау қорытындысы бойынша, министр құраманың бас және аға жаттықтырушыларын шеттетті. Алайда, 2021 жылғы 1 желтоқсанда вице-премьер Тоғжанов Ауыр ат-

летика федерациясының өтініші бойынша Министрдің жоғарыда аталған бұйрығын жойды. Бұл шешім жаттықтырушылар қауымдастығында түсініспеушілік тудырды. Сонымен қатар, спортшының қазасы туралы сұрақтар сол күйі жауапсыз қалды.

Спорттағы сыбайлас жемқорлық мәселесі шешілмейінше, болашағы бар жастардың тағдыры бұзыла береді, ал қазақстандық спорт өз чемпиондарын өсірудің орнына дайын шетелдік легионерлерді «импорттайтын» болады.

Баяндалғанның негізінде, «Ақ жол» депутаттық фракциясы келесілерді сұрайды:

1) Степногорск қаласындағы спорт мектеп-интернатында балаларды қорқыту және ұрып-соғу фактілері бойынша қандай шаралар қабылданғанын хабарлау;

2) Барлық мектеп-интернаттарды әлімжеттік және қорқыту фактілеріне тексеру жүргізу, балаларды қорлық пен алымсақтан қорғау;

3) Фристайлшы Герберттің өтініші бойынша тексеру нәтижелері туралы хабардар ету немесе егер ол әлі жүргізілмеген болса, оны жүргізу;

4) Альберт Линдердің өзіне-өзі қол жұмсаудағы жаттықтырушылардың ролін және олардың заңды және моральдық құқығын және ауыр атлетика құрамасының жұмысын одан әрі басқаруын айқындау.

**Құрметпен,  
«Ақ жол» фракциясының  
депутаттары**

## ӘЛЕМДЕ ТАНЫЛҒАН ВАКЦИНАЛАР ХАЛЫҚҚА ҚОЛЖЕТІМДІ БОЛСЫН

**Мәжіліс депутаты Гани Хамзин «Ақ жол» фракциясының атынан ҚР Денсаулық сақтау министріне депутаттық сауал жолдап, халықты халықаралық дәрежеде танылған вакциналардың жеткілікті санымен қамтамасыз ету қажеттілігі туралы мәселені қайта көтерді.**

2021 жылғы 29 қыркүйектегі депутаттық сауалда «Ақ жол» фракциясы халықаралық деңгейде танылған вакциналардың жеткілікті санын, оның ішінде шетелге шығуды жоспарлап отырған көптеген адамдар, әсіресе студенттер, бизнесмендер және басқа да қазақстандықтар үшін ақылы негізде Pfizer вакциналарын қамтамасыз ету қажеттілігі туралы мәселені көтерді. Қазіргі кезде Қазақстанда Спутник-V, Qazvac және Sinopharm және қазақстандықтардың кейбір санаттары үшін Pfizer препараттарымен вакцинациялау қолжетімді. Олардың ішінде тек Sinopharm және Pfizerді ДДҰ мақұлданған.

16 қарашада Қазақстан халқын ерікті түрде ақылы негізде вакцинациялау үшін коммерциялық нарықта Covid-19 Comirnaty Pfizer вакцинасын сату мүмкіндігі туралы Үкімет қаулысының жобасы қолдау тапты. Алайда, бүгінгі күні бұл препаратпен ақылы негізде вакцинациялау әлі басталған жоқ.

Өткен жылдың 11 қазанындағы «Үкімет сағатында» бұрынғы

Денсаулық сақтау министрі Цой, Sinopharm компаниясының Verocell вакцинасының елдің барлық аймақтарында болуы туралы айтты. Бүгінгі таңда Sinopharm көптеген ауруханаларда жоқ екендігі туралы ақпарат бар, бұл оның жетіспеушілігін көрсетеді.

Бүкіл әлемде және Қазақстанда коронавируспен сырқаттанушылықтың өсуіне байланысты, атап айтқанда, халықты вакцинациялаумен байланысты проблемалар ерекше өткір болып тұр. Біздің азаматтарымыз өз елінде болған кезде оларды ДДҰ мақұлдаған препаратпен вакцинациялау мүмкіндігі жоқ жағдайға тап болып отыр. Бұл үлкен қиындықтар туғызады. Мәселен, оқу бағдарламасы ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айларында басталатын Болашақ бағдарламасының студент-стипендиаттары ақылы Pfайзерді күте алмай, вакцина алу үшін көрші елдерге баруға мәжбүр. Олардың ішінде ең танымал бағыттар - Қырғызстан мен Өзбекстан.

Ақылы Pfizer-ді қайта вакцинациялағысы келетін қазақстандықтарды есепке алғанда, бүкіл ел күтіп отыр. Мәселен, елорда, Алматы, Алматы және Түркістан облыстарының тұрғындары өз өңірлерінде ревакцинация үшін тек Qazvac ғана қолжетімді деп шағымданады. Көптеген адамдар Pfайзерге ақы төлеуге мүмкіндігі бар, бірақ олар белгісіз мерзімде күтуге мәжбүр. Осы уақытқа дейін ақылы негізде Pfizer вакцинациясының нақты басталу күні еш жерде жарияланған жоқ. Бұл адамдардың жоспарларын бұзады, олар Денсаулық сақтау министрлігінің барлық бастамаларына теріс көзқарас қалыптастырады. Мәселен, Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысы бойынша қайта вакцинацияны алу үшін жұмыс уәжделі күйзеліске ұшырайды және Pfizer-ді күту кезінде өміріне қауіп төндіреді. Оның үстіне,

өткен жылдың мамыр айында жеткізу мерзімі үзілген болатын. Еуропаға ұшуды қажет ететін кәсіпкерлер ДДҰ мақұлдаған вакциналарды алу қиындықтарына байланысты ұшуды кейінге қалдырады. Денсаулық сақтау министрлігі бұл адамдарды өз проблемаларымен бетпе-бет жалғыз қалдырды.



Бұл мәселені Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы аккредиттеген жағдайда, отандық QazVac препараты шеше алар еді. 2021 жылдың шілдесінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев коронавирусқа қарсы қазақстандық QazVac вакцинасын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымында тіркеуді жеделдетуді тапсырды. Әзірге бұл бағытта алға жылжу туралы жеткілікті ақпарат жоқ.

Осыған байланысты «Ақ жол» депутаттық фракциясы мыналарды ұсынады:

1. «Болашақ» бағдарламасының стипендиаттарын, шетелдік әріптестермен іскерлік келіссөздер жүргізу үшін шетелге шығатын кәсіпкерлерді және басқа да ниет білдірген азаматтарды, қажет болған жағдайда, ақылы негізде халықаралық танылған препарат-

тармен вакцинациялауды жедел түрде бастау.

2. Азаматтардың барлық санаттары үшін, оның ішінде ревакцинация үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мақұлдаған вакциналардың жеткілікті санын қамтамасыз ету.

3. Pfizer препаратымен ақылы түрде вакцинациялаудың нақты вакцинациялауды қаржылау. Бұл вакцинациялауды қысқа мерзімде бастау.

4. Отандық QazVac препаратын Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы және әлемнің жетекші елдерінің фармацевтикалық әкімшіліктері халықаралық тану үшін қабылданып жатқан шаралар туралы хабарлау.

**Құрметпен,  
«Ақ жол» фракциясының  
депутаттары**

Әрқайсыларыңыз ауылда өскен қазақсыздар ғой. Ауылдың тіршілік-тынысын білесіздер. Бәлкім, сіздердің де ауылда осындай жағдай болған шығар. Кейбір үйдің ауласында шәу-шәу ететін кіп-кішкентай қандендер жүруші еді ғой. Ауылға қасқыр кіргенде, үйшіктеріне зу етіп кіріп кетіп, басын ғана шығарып, жіңішке дауысымен шәңкілдеп үріп, қайта кіріп, құйрығын қысып тығылып қалатын. Әлгі қанденді талап өлтірген қасқырды көрмедім. Үйшіктен шықпайтын қанденді қаперіне де алмайды ғой. Қасқыр өзі тете-лес бөрібасар итті ғана талап, құйрығын қарға шаншып кетеді. Ал, қыңсылаған қанден шәу-шәу еткені үшін иесінің тастаған сүйегін кемірсе, оған одан асқан бақыт жоқ. Оның бойына біткен қасиет тек аярлық, иесінің аяғына жабысып, аянышты түрімен сүйек сұрау. Қазір біздің қоғамда жалған оппозиционер, ұлтына, тіліне қарсы шолақ белсенділерді көргенде осындай қандендер ойға оралады. Әу баста осындай ойы да, бойы да шолақ немелерге «ҚАНДЕН» деген диагноз ойлап тапқан едім.



# ҚАНДЕНДЕРГЕ ТІЛ ЕМЕС, СҮЙЕК ҒАНА КЕРЕК

**ЖАСАРАЛ ҚУАНЫШАЛИН. ЖАРЫЛҚАП ҚАЛЫБАЙДЫҢ ПОРТРЕТТЕРІ  
ЖӘНЕ ЖАНБОЛАТ МАМАЙ, СЕРІКЖАН БІЛӘШ, БЕРКИН САДЫКОВ,  
ТОҚТАР ЖАҚАШТАР ТУРАЛЫ ЭСКИЗДЕР**

Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болса да ел үшін көпкең қурайдың сабын да сындырмаған, тек әлеуметтік желіде шәуілдеп, азуынды көрсетсең, құйрығын бұтына қысып үйшіктеріне қамалып алатындар жетіп артылады. «Ел үшін мен не істедім?» деген сауал бұларда бар ма, жоқ па, білмеймін. Жалпы, «не істесем екен?» деп диванда жатқандарына қанша жыл болғаны да белгісіз.

Жақында әлеуметтік желіде Жасарал Қуанышалин деген жалған оппозиционердің жазбасын оқып, жағамды ұстадым. Жасы жетпістен асқан қаусаған шалдың аузынан базардағы көкдолой әйелден бетер боқтық төгіліп, ел алдында сонысына мәз боп, соны деңгей санап отыр.

1). 2011 жылы Мұхтар Шаханов бастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды Президенттен талап еткен әйгілі 138-дің Ашық хатына қол қоймай, қазақ тіліне қарсы болып, қолдаудан қашқан Жасарал;

2). Козлов айтқан «Менің ұлтшылдарға қарсы торпедом бар, ол Жасарал Қуанышалин» деген Жасарал;

3). Арты мен аузын тазалап алмай, ақиық ақын, қазақтың қаһарман қайраткері Мұхтар Шаханов туралы «Шакалов» деген кітапша шығарып, әр үйдің кіребестеріне кіріп, таратып кеткен Қуанышалин;

4). Мұзбалақ Мұхтар Шахановтың өзі «саяси боғж» деп ат қойып, айдар тағып, маскара қылған Жасарал;

5). «Жас қазақ» газеті ұйымдастырған жекпе-жек айтыста қоғам қайраткері Серік Сапарғалиды: «Ұлттық мүддені сатып жібердің, Жасарал!» дегендей мойындап, жер болып, амалсыз үнін шыдап, ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының 7 жыл басшысы болып, тәуелсіз БАҚ-тарды жапқан Жасарал;

6). Әкім Аслан Мусиннің қолына су құйып жүріп, Ақтөбе облыстық әкімдігін ақпарат және қоғамдық келісім басқармасының 7 жыл басшысы болып, тәуелсіз БАҚ-тарды жапқан Жасарал;

7). Кезінде Арон Атабек «Тәуелсіздік керек» — деп, аштық жариялағанда, құйысқанына қыстырылып, «Тәуелсіздік керек емес — КОНФЕДЕРАЦИЯ керек» деп, Қазақ тәуелсіздігіне қарсы аштық жариялаған Жасарал;

8). Арон Атабекті діннен безген «имансыз», «жалған ұлтшыл» деп жазғырып, «ұлтқа өлшеусіз зиян тигізгеннен басқа түк те бітірген жоқ! Олар әрі сауатсыз, әрі дөрекі әрі арандатушы, ұлт ішіне іріткі салумен айналысуда. Лас саясатты жүргізуші жалған «алаштықтар», өздері де лас адамдар» деп ауыр айыптаған Жасарал;

9). Ася Асеткина Қуанышалиннің ешқандай да оппозиция емес, ешуақытта түрменің түрін көрмеген үшәріптің штаттағы жасырын агенті, ұлт сатқыны екенін, «Аңқау елге Арамза молда» болып жүрген екіжүзді, өтірікші, базардағы және көшедегі көкдолой қатындардан бетер боқауыз екенін тура тауып, нақты фактілермен дәлелдеп берген, «Жасарал апай» атандырып, шақша басына жаулық жапқан суретін жариялап, масқарасы шыққан Жасарал!

Ол енді Қазыбек Исаның келесі 2022 жылды Мемлекеттік тіл жылы деп жариялау және Алаш көсемі, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлын ұлықтау туралы депутаттық сауалына ойбайлап қарсы шығып, шіріген аузынан іріген сөз шығып, жала жауып, қара күйе жағып жатыр екен.

«...Бұттарына тышып, бұғып қалатын, не оның к...тін жалайтын Мұхтар Шаханов, Мырзан Кенжебай және басқалар сияқты сасық «батырлардың» бірі» деп ұлтшылдар туралы аузына келгенін жазыпты. Екі сөзінің бірі «көт», «жұлән» боп келетін осы көрі, құрталды да біреу оппозиционер, зиялы, ұлт мүддесін ойлаушы деп санай ма екен?

Аузын ашса, ауа сасып кететін Жасаралдың мынау қаптаған боқтық сөздері — өзін нағыз автопортреті! Өзінің табан астына түскен деңгейін осылай «тамаша» көрсетіп отыр.

Бұл Жасарал Қуанышалин туралы аз жазылған жоқ.



Интернетті ақтарып қалсаңыз, ит терісін басына қаптаған мақалалардан көз сүрнеді. «Қазақ тіліне қарсы сатқын» немесе, «Ұлтшылдарға қарсы Козловтың торпедосы, айтқайтын кәндені» деп жазсаңыз, — Жасарал Қуанышалинның аты мен ұсқынсыз түрі сүмрейіп шыға келеді...

Мысалы, «Қазақ үні» сайтында жарияланған «ЖАПҚАН ЖАЛАЛАРЫҢНЫҢ ЖАНАЗАСЫ ШЫҚТЫ, ЖАСАРАЛ-ЖАНБОЛАТ!» атты мақалада бұның Мемлекеттік тілге қалай қарсы шыққаны егжей-тегжейлі баяндалады.

— Атын «Ашық алаң» дегенмен, қазақ тілін түгел алып тастап, тек «Трибуна» болып қалған газетінде Жанболат Мамай мен Сәкен Жүнісов дегендер «демократия» дегенді сылтауратып,» орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беру керек» деген дұшпан пиғылдарын жариялап, қоғам алдында, ұлтшылдар алдында қарабет болған соң, өздерімен беттес, ниеттестерді іздей бастапты... Ондай жан да алыстан емес... айналасынан табыла кетіпті... Иә, ол да Мамай сияқты кезінде Конституцияның орыс тіліне 7-ші баптың 2-ші тармағын алып тастау арқылы қазақ тіліне тыныс беріп, өріс ашу туралы 138-дің хатына қол қоядан үзілді-кесілді бас тартқан Жасарал Қуанышалин деген «арбитр», — деп басталатын мақаланы оқып отырып, не бір дәлелді сұмдықтарға көз жеткізесін.

Орыс тіліне мемлекеттік статус сұраған адамдарды ұлт

мүддесін ойлаушы оппозиционер деп қалай санауға болады? Бұл нағыз ұлтты сату ғой!

Сөйтсек, Алаш арыстарына қарсы астыртын қызмет еткен, бүгінде тарихшылар тарапынан ұлты мен дінін өзгертіп Николай Степнов боп алғаны әбден дәлелденген Әліби Жангелдин атындағы аудандық ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы атында атап, 2022 жылды Мемлекеттік тіл жылы деп жариялау керек деп депутаттық сауал жасаған Мәжіліс депутаты, ұлтшыл ағамыз Қазыбек Исаға қарсы шыққан Жасарал, басқа емес, дәл қосы Жангелдин туралы айтқанына күйіп-пісіп отыр екен. Жанына жақын ғой ұлтқа қарсы сатқындығы жағынан, қайтсін енді байғұс...

«Алаш көсемдері Ахмет Байтұрсынұлы мен Міржақып Дулатұлының туған ауданының аты әлі күнге дейін қызыл большевик, кезінде ұлты мен дінін ауыстырып, Николай Степнов болған Әліби Жангелдин атында болуы елге де, ерге де және ең алдымен әруаққа қиянат!» деген депутаттық сауалды өзінің боқауыз постына эпиграф қып алғанын қайтерсіз...

Сатқындығы өліп-өшіп ақтауын түсінуге болады. Себебі, біраз жыл бұрын қазақтың ұлтшыл азаматы Серік Сапарғали Жасаралдың көзіне тік қарап «Сатқын!» деп атаған. Оған Жасекен талай жылдан бері жауап қайтара алмай, үнсіз мойындап, келісіп те келеді.

Серік Сапарғали Жасаралдың бетін тіліп тұрып, әшкерелеп айтқан бір-екі сөзін ғана айта кетейін: «ҰЛТТЫҚ

МҮДДЕНІ ӘБІЛӘЗОВТЫҢ МАЙШЕЛПЕГІНЕ АЙЫР-БАСТАП ЖІБЕРДІҢ, ЖАСАРАЛ! ҚАЗАҚТАР ҚИНАЛЫП ЖАТҚАНДА АЯҚ БАСҚАН ЖОҚСЫҢ! КОЗЛОВТЫ ҰСТАҒАНДА ШАҢДАРЫҢ ШЫҒЫП КЕТТІ! СЕНДЕР МҰНАЙШЫЛАРДЫҢ МӘСЕЛЕСІН ӘЛІ КҮНГЕ ДЕЙІН ТҮСІНБЕЙ ЖҮРСІНДЕР! ЕГЕР МАҒАН ШАБУЫЛ ДАЙТЫН БОЛСАҢДАР, 61 ТОМНЫҢ БӘРІН ИНТЕРНЕТКЕ ШЫҒАРАМЫН. ҚАЗІР ӘБІЛӘЗОВТЫҢ АҚШАСЫ БОЛҒАН СОҢ, ШАШБАУЫН КӨТЕРІП ЖҮР. АҚШАСЫ БІТКЕН КҮНІ ОЛИГАРХ БҰЛАРДЫҢ БІРЕУІН ДЕ ТАБА АЛМАЙ ҚАЛАДЫ. КОНСТИТУЦИЯДАН ОРЫС ТІЛІНІҢ МӘРТЕБЕСІН АЛЫП ТАСТАУ ТУРАЛЫ 138-ДІҢ ХАТЫНА ҚОЛ ҚОЙҒАН АДАМНЫҢ БІРІ - МЕНМІН. ҚОЛ ҚОЙҒАНДАРДЫҢ КӨБІ БАС ТАРТҚАН КЕЗДЕ ӨЗ ПІКІРІМДЕ ҚАЛДЫМ. СОНДЫҚТАН БҰЛАР («алғалықтар»-ред.) МЕНІ ЖАҚТЫРМАЙТЫН БОЛАР...» — деп әшкерелеп тастады. Сонда бір ауыз жауап қайтара алмай, мелшиіп отырып қалды ғой Жасарал! Яғни, Серік Сапарғалиды: «Ұлттық мүддені сатып жібердің, Жасарал!» дегенін үнсіз мойындады! Сонда кім болды ұлттың сатқыны?

Белгілі журналист Қажымұқан Ғабдолланың «Жасарал мақаласында:

«Туған қазағым қайдан келгені беймелім кірме Владимир Козлов дейтін біреуге «жығып беріп», аяусыз күстаналған Жасарал Қуанышалин «Фейсбук» әлеуметтік жүйесінің тасасында саясаткер Мұхтар Тайжанға «жан сырын» ашқан кейіппен басына сыйса да, жасына жараспайтын жарпазан айтыпты... «Даудың басы — Дайрабайдың қара сиыры» демекші, әңгіменің өзегі Владимир Козловты қолпаштап: «СІЗ — ЖҮЗ ҚАЗАҚҚА ТҰРАСЫЗ!» немесе «МЕН ҚАЗАҚТЫ БҮКІЛ ҚАЗАҚ АЙЫР-БАСТАМАЙМЫН!» — деген масқарашылық сөзінде болып отыр... Айдың күннің аманын да айтылған мұндай сұмдыққа кеудесінде жаны, бойында рухы, жүрегінде намысы бар әрбір барысатты қара өре түрегелді... Басықтарына қарай, осы сөз қазақ топырағында айтылды, ал, біздің қазақ ұлты болмысында кешірімшіл ғой, егер осындай надандық сөз, мысалы, Шешенстанда немесе Дағыстанда айтылса, қазір Жасарал Қуанышалин жалпақ жердің жүзін аралап-қашып, арып-ашығып, кіреге тесік таппай, тентіреп кеткен болар еді...» деп жазады.

Басқа біреу жазса, сенбеуге болар ма еді, бірақ, Қажымұқан Ғабдолла бір кездері осы Жасаралмен бірге жүрген, бірге қызметте болған адам, оның сырын пайқы жібелді және олт өтірік айтпады Жасарал сияқты.

«Мен, Жасарал ағамыз туралы көп нәрсе айта аламын, өйткені, бір кезде біз бір ұжымда, бір тудың астында ниеттес серік, рухтас ағайын болдық, талай әңгіме-дүкен құрдық, сыр бөлісіп, жүрек ақтарыстық...» деп оны өз мақаласында да айқындап береді.

(Жалғасы 10-11-беттерде)

**ЕЛ ҚАМЫН ОЙЛАҒАН  
ЕРЕУІЛШІЛЕР мен ЕЛГЕ  
ҚАРСЫ ЛАҢКЕСТЕРДІ АЙЫРА  
БІЛЕЙІК!**

2. Біз ең алдымен өрнәрсені анықтап алып, өз атымен атауымыз керек!

Ел қамы үшін Ереуілге шыққандар мен Мемлекетке қарсы лаңкестікті, халыққа қарсы қарақшылықтың басын айырып алуымыз керек!

Өйткені, Ел қамы үшін ереуілге шыққандар

— елге қарсы соғыспайды, — ешкімді өлтірмейді, — ауруханаға, жеделжәрдемге, әкімшілік орындарға, полицияға, құзырлы орындарға, банкіге, дүкендерге, мәдени орындарға, халықтың мүлкіне, көлігіне шабуыл жасап, өртеп жібермейді! — Телеарналарға шабуыл жасап, ел тарихының алтын қорын өртеп жібермейді.

— Дәрігерлерді, науқастарды, Жедел-жәрдемді, Қызыл крест, Жарты ай қызметкерлерін қандай соғыс кезінде де ешкім ұрып-соғып, тонамайды!

Алматыда полиция мен әскерден 18 боздақ өлтірілді, екі полицияның басын кесіп алған. Мыңнан аса адам жарақат алған, жүзге жуығы жансақтау бөлімдерінде жатыр. Олардың 200-дейі әйелдер мен қыздар!

Бұл қаза тапқандар, ауыр жарақат алып, тонағандар, біздің бауырларымыз, аналарымыз, әпке-қарындастарымыз, қыздарымыз емес пе?!

Бұндай жауыз қанішерлікті қалай жазасыз қалдыруға болады?

Мәдени ордамыз — ару қаламыз Алматының тас-талқанын шығарған соғыс болды, әлі басыла қойған жоқ!

Тіпті, бес телеарнаны басып алып, «Қазақстан» ұлттық арна-ны, ордағы Алтын қорымызды, яғни, өз тарихымызды өртеп, тонаушылар ішінде оларды бастап, сақалы сапсыған (жасына байланысты сөз), өздерін «саясаткер» санайтын, «Аңқау елге Арамза молдалар» жүргеніне не дегуге болады?! Бұлар сонда өзіміздің ұлттық құндылықтарымызға, өз тарихымызға, мемлекетімізге қарсылар ма?!

**«АҚ ЖОЛ» ТАЛАЙ ЕСКЕРТКЕН  
ЕРЕУІЛШІЛЕР ТАЛАБЫ ЕНДІ  
ОРЫНДАЛДЫ!**

3. Ереуілге шыққандардың талабын билік орындады. Газдың бағасын түсіріп, жанар-жағармай, азық-түлік бағасын түсіріп, бірқалыпта ұстау туралы шешім қабылданды.

Үкіметке бұл елдің наразылығын тудырған мәселені парламент, «Ақ жол» фракциясы осыдан екі ай және үш ай бұрын ескертіп, 2 рет депутаттық сауал жасап, газ бен жанар-жағармай бағаларын бұрынғы қалпына түсіру туралы талап еткен болатын. Әйтпесе, халық наразылығы өрши беретінін қадап айтқан болатынбыз. Үкімет бірақ бұдан дұрыс қорытынды жасамады. «Қатырамыз» деп, ақыры қатып қалды...

Президент бұндай үкіметті отставкаға жіберіп дұрыс жасады.

Отан мүддесінен олигархтар мүддесін артық көрудің соны неге апарып, соққанына бәріміз куә болдық!..

4. Жаңаөзеннен басталған ереуіл алдымен елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайының қиындығына байланысты басталды.

Иә, елдің жағдайы мәз емес. Әркімнің басында несие қарызы бар. Несиесін төлей алмай жалғыз



Казыбек ИСА

# ХАЛЫҚТЫҢ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙ АЛАТЫН ХАЛЫҚТЫҚ АУЫР СЫННАН АМАН ӨТКЕНІМІЗ – ПРЕЗИДЕНТКЕ

**Жаңа жылдың алғашқы аптасы – Тәуелсіз мемлекетімізге қатер төнген, төңкеріс жасауға ұмтылған аса ауыр күндер, «Қаңтардың қандаз аптасы» болды!**

**1. Қазақстан Президенті Қ.Тоқаев Ел басына күн туғанда – Ер басына күн туған барлық ауыр сынақты Мемлекет басшысы ретінде көтере біліп, елін аман сақтап қалды!**

**Осы Ел тағдыры шешілген ауыр күндерде Президент Тоқаевты Халықтың қолдап, үлкен сенім артуы – Президент Сайлауынан кейінгі, ел басына күн туғандағы ауыр сынақтан өткен нағыз сенім арту болды – және ол сенім абыроймен ақталды!**

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ел Ерге қарағанда, жерге қарамай, Ер екенін көрсетті – Тәуелсіз Елді сақтап қалды! Президент елге айқын ГАРАНТ екенін анық көрсетті!**

баспанасынан айрылып, бала-шағасымен далада қалып жатқандар көп. Осындай қиындықтарға байланысты Біз, «Ақ жол» фракциясы банктердің басымдығынан кедейлерді құтқару үшін Жеке адамдардың банкроттығы туралы заң қабылдауды ұсынды 9 жыл бұрын, 2013 жылы ұсындық парламентте. Үкімет қарсы болды. Енді міне, кеше Президенттің өзі тапсырма берді осы заңды қабылдау туралы.

Сонымен қатар әлеуметтік жағдайы қиын отбасылардың баспана жалдау ақысын субсидиялау да қолға алынатын болды.

5. Біз Жаңаөзенде ереуіл басталған күннің ертеңіне 3 қаңтарда бір тәулікке жетпей «Халықтың орынды талабы орындалуы тиіс» деп жаздық. Ел талабы орындалды.

6. Енді осы елдің талаптарының орындалуы үшін Ел тыныштығы керек ең алдымен! Яғни, ең бірінші

тыныштықты қалпына келтіруіміз қажет!

Тыныштық болғанда ғана ырыс-құт орнайды!

Бірлік болғанда ғана тірлік болады!

**МЕМЛЕКЕТТІ, ХАЛЫҚТЫ  
ҚОРҒАУ ҮШІН ҚАТАҢ  
ШАРАЛАРДЫ ҚОЛДАЙМЫЗ!  
«Малы жоғалмағанның  
бәрі ақылды»**

7. Біз Халықты, мемлекетті қорғау үшін Президенттің барлық қажетті қатал шараларға баруын қолдап, қуаттаймыз!

Халықты қорғауда ешқандай іркілу-кідіру, болмауы керектігін, әр күн емес, әр сағат, әрбір сәт қымбат екеніне көз жеткіздік. Бір күн кешігудің өзі қаншама адами және материалдық зор шығынға әкелді.

Президент Тоқаев кешегі

Үндеуінде «кейбір шет мемлекеттер тараптар келісімге келуі керек» — деп, дәріс оқығанын өткірі сынап, батыл қайтарып тастады. Өте дұрыс! Иә, халықты қырып, қанды қырғын жасаған қылмыскерлермен қандай келісім болуы керек!? «Малы жоғалмағанның — бәрі ақылды» дейді бұны атам қазақ.

«Медальдың екі жағы бар» дегендей, «шаш ал десе, бас алуға» жалғасып, енді жазықсыз жастар жазаға ілініп кетпеуі тиіс! Бізде сан қуалап, жоспар орындау деген келенсіздіктер бұрын да болған.

8. Жаңаөзенде ереуіл басталған күннен кейін 4 қаңтарда біз «Ақ жол» партиясы фракция жиынын өткізіп, елді тыныштыққа шақырдық.

Партия төрағасы, Мәжіліс депу-

дайындықтан өткен содырлар, басқа жақтан келген «легионерлер» болып, солар басшылық жасады. Сондықтан, содырлар қалаларды тас-талқан етті.

Президент кешегі үндеуінде тек Алматының өзінде 20 мың лаңкестер мен содырлар сойқан салғанын мәлімдеді.

10. Ал осы сырттан келген, барлық дайындықтан өткен қаптаған лаңкестер мен содырлар елімізге қалай кірген? Елімізде мемлекетке қарсы төңкеріс ұйымдас тырылуына біздің арнаулы органдар неге жол берген?

Бұл туралы мемлекет басшысы үндеуінде ашық айтып, қатал сынады.

Иә, Ұлттық қауіпсіздік комитеті қайда қараған, айға қараған ба?

таты Азат Перуашев интернет жоқ болса да, әр өңірге телефон арқылы хабарласып, қиындық құрсауында қалған елге көмектесу үшін үйлестіру жұмысын басқарып отырды. Кеше 7 қаңтарда да партияның кеңейтілген президиумы екі рет жиналып, Президент шешімдері мен Үндеуін қолдап, Мәлімдеме жасадық.

Депутаттарымыз Маңғыстауға, Алматыға, Шымкентке, Түркістан облысына және әр өңірге барып, елдің ішінде болып, халық үнін тыңдап, тыныштыққа, бірлікке шақыру туралы ұсыныс жасадық. Төтенше жағдайда шығуға рұқсат берілмеді.

Аймақтарда да ақжолдықтар мемлекет басына түскен ауыртпашылықтарды елмен бірге көтерісіп жатыр. Ақтөбе облысы филиалы төрағасы Асқар Садық тоқтап қалған пойыздағы 700-дей жолаушыны тамақтандыруды ұйымдастырды. Шымкент қаласы филиалы басшысы Әлімхан Әбжанов пен облыстық мәслихат Депутаты Ноян Төлегенов Шымкент қалалық әкімшілігімен тығыз байланыста жұмыс істеп, халықты, мемлекеттік нысандарды қорғайтын мыңға жуық ерікті жасақ жасақтады. 300-дей әскер сарбаздарын тамақтандырды. Жамбыл облыстық филиалы төрағасы Мұқан Шалқарбек Шу қаласын лаңкестер мен содырлардан қорғауда жігіттердің басын қоса білді..

Алматыда Арман Исмаилов аурухананы қорғауға тырысты.

**АҚТАУ мен  
АЛМАТЫДАҒЫ ЕРЕУІЛДІҢ  
АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ**

9. Жаңаөзен мен Ақтауда ереуілге шыққан ел неге тып-тыныш тұрып, тонау мен қарақшылық жасамай, ешқандай арандатуға ермеді? Өйткені, олар сол жердің тұрғындары! Өз жерін өздері талқандай ма? Ал Алматы мен Талдықорғанда, Таразда, Шымкент пен Қызылордада, Семейде және т.б жерлерде ел қамы үшін шыққан ереуілшілерді арандатқан, арнайы

Ұлттық қауіпсіздік органы ұлтқа қауіпті лаңкестерге тосқауыл қою керек емес пе?

Біз, «Ақ жол» партиясы талай жылдан бері Дін туралы заңға радикалды теріс ағымдарға тосқауыл қою туралы бап енгізу жайлы ұсыныс жасап келеміз. Біраз жыл бұрын бұл мәселені билік те қолға алып, барлық министрлік пен ведомстволар, Бас прокуратура мен Жоғары сот та қолдағанда, тек Ұлттық Қауіпсіздік комитеті келіспей қойып, осы тыйым салу заңға еңбей қалды. Мен мұны сол кезде Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Алматы қалалық депатаменті төрағасының орынбасары өткізген Алматы қаласы әкімдігіндегі конференцияда ашық айтқанмын.

**ХАЛЫҚТЫҢ ТІЛІНДЕ  
СӨЙЛЕЙ АЛАТЫН ХАЛЫҚТЫҚ  
ҮКІМЕТ КЕРЕК!**

11. Ел басына түскен бұл ауыр сынақ кімнің кім екенін көрсетті?

Пандемия кезінде де ел қынадай қырылғанда Президент Тоқаевтың сөзі бар еді, біздің мемлекеттік басқару жүйесі күйреген деген. Соған тағы да көзіміз жетті.

Біз де елдің алдына шығып сөйлейтін бір де бір әкім, бір де бір министр жоқ екен?! Елдің алдына шығып сөйлеген бір әкіміміздің өзі қазақша тілі жетпей қалып, орысша боқтап жіберіп, елдің ашуын тудырған видео тарап кетті... Бір облыстың әкімі елге мен сендерді қорғай алмаймын дегенін, бір облыстың ішкі істер басқармасы басшысы мен халықты емес... әкімді ғана қорғай аламын дегенін де есіттік.

Бізге ХАЛЫҚТЫҢ ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕЙ АЛАТЫН ХАЛЫҚТЫҚ ҮКІМЕТ КЕРЕК!

Қайта Маңғыстаудың әкімі Нұрлан Ноғабек елден сөз естесе де халықтың ортасында болды, айтар сөзін айта білді.

Қызылорда облысы әкімі Гүлшара ханым да, әйел де болса ел алдына шықты.

Басқалар ше? Қайда болды облысына, қаласына, яғни еліне ауыр күн туғанда? Әкімдер сол





# ҮКІМЕТ КЕРЕК! НАҒЫЗ СЕНІМ АРТУ!

облыстың, қаланың қолбасшылары болып саналмай ма?

Яғни, мемлекеттің басқару органдары басшыларын тазарту керек! Басқару орындарында әкім, министр болсын, қазақша сөйлей алатын, қазақша түс көретін мемлекетшіл-ұлтшыл кадрлар керек!

Мұнай мен газдың үстінде газға жарымай отырған халықтың шыдамын сынағандай газ бағасын екі есе көтеруге бұйрық берген кім? Жаңаөзендіктердің айтуынша, айына 40 миллион айлық алатын газ зауытының директоры газ бағасын өзі көтере салған жоқ шығар, оған кім бұйрық берді?!

Мен осы Антимонополиялық бәсекелестікті қорғау агенттігінің немен айналысатынын түсінбеймін?! Бағаға шектеу қоятын берген ретінде не істеп отыр? Өйткені, азық-түліктен бастап, газ, жарық, судың бағасы ай сайын, күн сайын көтеріліп келеді. Ал әліге дейін оларды шектеген оқиғаны көрмеппін өз басым.

## ЖАҢАӨЗЕН – ЖАҢА КЕЗЕҢ БАСТАУЫ

12. Құдайға шүкір, Президент Қ.Тоқаевтың батыл шешімдері арқасында елімізде Конституциялық тәртіп қайта орнады. Енді мемлекетке опасыздық жасаған лауазымды тұлғалардың бәрін ашық жариялап, жазалау керек!

Мемлекетке қарсы шыққан және сатқындық жасаған қылмыскерлерді, жауыздық жасаған қанішерлер, содырлар, басбұзарларды түгел анықтап, ел сабақ алатындай қатал жазалау керек!

Бұл – бұндай төңкерісті қайталанбауына сабақ болады. Енді осы басталған тазартуда біз бұрынғы отарлаушы империя Кеңес одағын аңсап, коммунистік үгіт жүргізіп, сепаратистік пиғылын ашық насихаттап жүргендерге де тосқауыл қоюымыз керек.

Олардың қауіп бұлардан артық болмаса, кем емес!

Ұлттық идеологияны қолға алуымыз керек! Саясатта да, Дінде де Ұлтсыздықтың кесірі – міне,

мемлекеттік төңкеріс жасауға әкеліп соқты.

## ТІЛ БОЛМАҒАН ЖЕРДЕ ДІЛ БОЛМАЙДЫ! Діл болмаса, дым болмайды!

Президент Тоқаев енді терен саяси жаңару кезеңі басталатынын мәлімдеді. Яғни, Жаңа жылда Жаңаөзен Жаңа кезеңнің бастауы болайын деп тұр!

Елдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту үшін, мемлекетшілдік-ұлтшылдық сана қалыптастырып, саяси ұстанымымыз берік болуы үшін ең алдымен Ұлттық идеологиямызды жолға қою – ең басты міндетіміз болуы тиіс!

«Полиция – ел қорғаны», «Мемлекетті қорғайтын – қуатты әскеріміз бар» деген ұғымдарымыз қайда қалды біздің?

Лаңкестер ланына, Содырлар сойқанына неге төтеп бере алмай, әкімшіліктерімізден бастап, мемлекеттік нысандарымыз неге қорғай алмады?! Ең бастысы – халықты неге қорғай алмады? Бұл туралы Президент үндеуінде де ашық сыналды.

Мен «Бізге 30 жылда ұлттық мүддемізді, мемлекеттік тілімізді қорғауда түк те істелген жоқ» деп жиі сынаушы едім билікті. Сөйтсек, отыз жылда ТІЛІМІЗ үшін ғана емес... ТІРЛІГІМІЗ бен ТІРЛІГІМІЗ үшін де түк те істелмеген бе сонда?!

Ең алдымен Қорғанысымызды мықты етуіміз керек!

Құзырлы органдар басшыларын түгел тазартып, Президент пен парламент алдында Аңт қабылдану керек! Мемлекеттік тіл де ғана жазылатын Антты (солдай болуы тиіс) түсініп, түйсіне алатын басшыларды ғана тағайындау керек!

## ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШАРТЫ ҰЙЫМЫН ШАҚЫРУ – УАҚЫТША ШАРА

13. Қазір елдің тағы бір алаңдауы – ҰЖЫМДЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШАРТЫ ҰЙЫМЫ (ҰҚШҰ) әскерінің келуі.

Иә, отарлап алған Кеңес империясынан Тәуелсіздік алғанына 30 жыл болған елдің сырттан әскер кіргізуге алаңдауы заңды. Бірақ бір нәрсені ескеруіміз керек. ҰҚШҰ еден тек Ресей емес! Оған 6 мемлекет кіреді: Қазақстан, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан, Армения, Беларусь, Ресей Федерациясы. Атап айтарымыз – бұл ұйымға қазір төраға – Армения мемлекеті, Ресей уақытша, ары кеткенде 19 қаңтарға дейін ғана болады.

«Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар?!» – дегендей, өзіміздің Қорғаныс министрлігіміз ел қорғауда сенімді болса, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ұлтқа қауіпті комитетке айналмаса, сырттан әскер шақырып неміз бар?!

Егер, Президент шұғыл да, батыл шешім жасап, бітімгершілік күштерін шақырмағанда, бүгін билік кешегі мемлекеттік төңкеріс жасауға шығып, көп қалалардың тас-талқанын шығарып, мәдени орындарымыз бен тарихымызды өртеп, талап боздарымызды атып, бауыздап кеткендердің қолында болар еді... Ал ол кезде сырттан, алақандарын ысқылап отырған алпауыт мемлекеттердің әскері шақырмай-ақ келуі мүмкін еді...

Қамыттан босаған ел қайта кіретін ел – құлдықтан арылмаған ел! Ал Қазақ Елінің Тәуелсіздік алғанына 30 жыл! Ал нағыз рухани Тәуелсіздік енді басталады! Біз соған дайын болып, әрқайсымыз өз үлесімізді қосуымыз керек!

Ол үшін бәріміз, ұлтқа, партияға, жікке бөлінбей, Президент Тоқаевтың маңына топтасуымыз, қолдауымыз қажет!

Президент 10 қаңтарды жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялады!

Ел Тәуелсіздігін сақтаудағы Құрбан болғандар, яғни, мемлекет мүддесін қорғап, шейіт болған шалқып, имандары саламат болсын!

Марқұмдардың отбасы мен туған-туыстарының ауыр қайғысына қабырғамыз қайыса көңіл айтамыз.

Ел қорғап, ерлікпен қаза тапқандары бәріне Халық Қаһарманы атағы берілуі керек.

Алла Алашқа жар болсын!  
Ел аман, жұрт тыныш болсын!  
Ақ жол!

## ■ КӨЗҚАРАС

# ЖАҢА ДӘУІРГЕ БАСТАҒАН ҚАДАМНАН КҮТЕРІМІЗ МОЛ

Қауіп-қатер төніп тұрған күні кешегі қаһарлы сәттерде-ақ «Билік құламайды!» деп нық айтқан Президент Қ.Тоқаев қысылшаң шақта өжеттік көрсетіп, мемлекетіміздің тәуелсіздігін сақтап қалды. Халық алдында бұрынғысынан да бетер биіктеп кетті! «Алматы трагедиясы» атауымен тарихқа енетін қаңтар оқиғасы қай-қайсымызға да оңай тимеді.

Елімізде мұндай қайғылы жайттың орын алуына ең әуелі еркіндікті еркінсу деп ұғатын орашалақ ойсыздығымыз себеп. Әйтпесе бейбіт шеру дегеніміз – демократиялық бағыт ұстануы тиіс әрекет болатын. Бірақ осыны аңталап қаумалаған асығыс жұрттың елірген ереуілге ұластыруы саяси сауатсыздықты ғана емес, бейбастақ тәрбиесіздікті де көрсетеді.

Өз мүдделерінің орындалуына қол жеткізген жаңаөзендіктер жылған митингілерінен ерікті түрде тараған соң, артында қалған кең алаңқайды шашпай-төкпей, сыпырып-сыпырып, бірнеше күн түнеген жерлерінде қыл қикымын да қалдырмай тазалық орнатып кетті.

Албасқаөңірде бас көтергендер өздерінің айғайдығы сүрен қосқан аттаншылдарынан от шығартып, деструктивті арандатқыштардың ықпалымен өрт қаулатып алғандарын білмей де қалды.

Жалған популистердің бұл осалдықтары сұғанақ көзді сыртқы күштер оп-онай пайдаланып үлгерді.

Қанша ғимараттар іске алғысыз боп қалды.

Автокөліктер, техникаларды тоз-тоз қып, әскери, әкімшілік, әлеуметтік нысандарға шабуыл жасап, жүздеген бейбіт тұрғындар мен әскери қызметшілердің денсаулығы мен өміріне қатер төндірген лаңкестердің содырлығы құдай алдында да ақталмас.

Қаза тапқан сәбилер мен азаматтардың қайғыдан қара жамылған отбасыларының көз жасы қалай тиылмақ?!

Мақұл, бәріміз біріне бақыт емші дейік. Бірақ біз өз дамуымызды керісінше біраз уақытқа тежеп алдық.

Абырой болғанда, ел заңына бағынбағандармен сөздің басқаша болатынын сездірген Президент шешімдерді қолға алды, шұғыл шешімдерді қолға алды. Қатаң шараларға көшті. Республика бойынша төтенше жағдай жарияланылып, блок бекеттер қойылды. Терроршыларға қарсы арнайы операциялар жүргізілді.

Жалпы жағдай орнықтырылды. Күн сайынғы Үндеулерімен, маңызды Мәлімдемелерімен үрейлі елі мен дағдарған жұртына дем беріп отырған Президент ҚР Мәжілісінде сөйлеген сөзінен Қазақстанның жаңа дәуірге шындап аяқ басқанын байқатты.

Тәуелсіздік тарихында алғаш рет аса күрделі және қатерлі кезенді басынан кешкен қазақстандықтарға:

– Жуық арада болған қайғылы оқиғалар кезіндегі экстремистермен күресте азаматтарымыздың көпшілігі патриоттық танытты. Халықтың бірлігі, Қазақстанның тәуелсіздігі мен егеменді дамуы идеясына деген шынайы сенімі – еліміздің дамуы мен қоғам болып ұйысуының мықты іргетасы. Біз барлық қиындықты бірлесе

еңсереміз. Жаңа Қазақстанды бірге құрамыз, – деп ризашылық сезімін білдірген Қ.Тоқаев жаңа жұмыстың басын Үкіметтің жаңа құрамын жасақтаудан бастатып, тиісті адамдар мен ведомстволарға қатаң әрі шұғыл түрде орындау үшін бірқатар тапсырмалар берді.

Мысалы, Президент жаңа Үкіметке саяси, әлеуметтік-экономикалық салалардағы және ұлттық қауіпсіздік пен қорғанысты қамтамасыз ету жөніндегі өзекті мәселелерді шешу үшін нақты міндеттер жүктеді.

Сондай-ақ, Тұңғыш Президенттің арқасында кейбір компания мен кейбір жекелеген адамдардың тым қатты байығаны сонша, тіпті, халықаралық дәрежедегі аса танымал байлар деңгейіне дейін өсіп шыққанын әдемі меңзеген Қ.Тоқаев: «Тұңғыш Президент – Елбасының арқасында елімізде өте табысты компаниялар тобы және тіпті халықаралық өлшемдер бойынша да өте бай адамдар пайда болғанын, енді олардың халыққа көмектесетін кезі жеткенін» кесіп айтты.

Президент кеңесте көп жәйтке тоқталды, нақ-нақ, мемлекеттік сатып алудағы сорақы кемшіліктерді, ішкі жалпы өнімнің 60 пайызын құрап отырған «Самұрық-Қазына» әлуауат қорын қайта реформалаудың қажеттігін, квазимемлекеттік секторларды түбегейлі өзгерту керектігін, ал егер реформалау мүмкін болмаса, мұндай құрылымдардың тіпті қажет еместігін баса айтты. Кәсіпкерлік саласында ірі-ірі бизнесте көп жаңадан ашылған кәсіпкерлікке қолдау берілмей жатқанын, отандық тауар өндірушілердің кемшілігі мен жетістіктері туралы да айтылды. Үкіметке утильсбор туралы «Оператор-РОП»-тың улылық жинауына тыйым салуын тапсырып, шетелдерге ақша өкетіп жатқандарды тексеруге тапсырма берді, LRT-ның о бастан қате жоба болғанын, оған қыруар қаржы жұмсалғанын, енді оны не істеу керектігін қарастыруды тапсырды. Ауыл шаруашылығына баса назар аударып, субсидияларды қайта қарауды, оның қолжетімді болуын міндеттеді.

Мемлекетіміздің халқын азық-түлікпен қамтамасыз етуге тиістігін басты назарда ұстайтынын мәлімдеген Қасым-Жомарт Кемелұлы айыппұлдар мөлшері де қатаңдалуының керектігін қозғай, әсіресе, халықтың айлығының шындыққа сәйкес келмейтінін, т.б. ділгірлікті жіктеп алдымызға жайып салғанын көңілімізге әбден қонды.

Үміт БИТЕНОВА,  
ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі,  
Жамбыл облысы,  
Талас аудандық  
Мәслихат депутаты

«Жалт еткен ғұмыр...

Өзін өмірде көрмесем де, көңіліме көрік сыйлаған, жүрегімде мәңгілік ұялаған сағынышты тұлға.

Қосжан әлемі!

Сұлу жырға, сан түрлі сырға толы өмір! Әрбір күнінен үміт күткен арманшыл ақын.

Армысыңдар, алғы күндер арайлы, Алғы күндер – арман күндер аяулы... Асығамыз, алғы күндер, сендерге, Қосқанатты қалықтап бір сермеуге, Тәтті арманға тамсана бір қануға, Бақыт атты кең дүниеге өрлеуге! Бұл – өмірге ғашық жанның іцкер үні!»

Осынау үзіндіні қоғам қайраткері, белгілі публицист-қаламгер, тұңғыш қазақ тілінде жазылған «Халықтың көші-қоны туралы» заңының авторы, қосжантанушы Әкім Ысқақтың күнделігінен алып отырмыз. Автор ширек ғасырдан аса зерттеу жүргізген «Менің Қосжаным» атты жаңа жинағында бар-жоғы отыз бес жыл ғұмыр кешіп, жарық жұлдыздай ағып өткен дарынды ақын Қосжан Мүсіреповтің өмірі мен шығармашылығы және ғұмырының беймәлім тұстары жайлы сыр шертеді. Күнделік-эссе формасында жазылған жинаққа ақын туралы толға-ныстар, естеліктер мен зерттеулер топтастырылған. Бұған қоса, ақынның бауырлары және ұл-қыздары, сондай-ақ, қаламгер замандастарының Қосжан Мүсірепов жайында айтқан құнды ой-пікірлері, арнау өлеңдерімен қоса, ақынның әр жылдары жазылған жырлары, сыршыл новеллалары, лирикалық очеркі енгізіліп отыр. Төменде ақынның 90 жылдығына орай Нұр-Сұлтан қаласында «Кәусар» баспасынан жарық көрген жинақтан шағын эссе ұсынылып отыр.

## ӨЛІММЕН АРПАЛЫСҚАН ӨМІР

— Ата, неге біз үнемі алға ұмтыламыз?  
— Тоқтап қалған су қандай болады?  
— Сасып кетеді.  
— Ол адамға керек пе?  
— Сасып кеткен нәрсе керек емес қой!  
— Ал үнемі алға ұмтылып, ағып жатқан өзен ше?

— Ол өзін тазалап тұрады. Ол керек қой!  
— Дұрыс айтасың, балам! Ағып жатқан өзенде тіршілік бар. Өмір-өзен де сондай. Кетсеңіз, сол тақ, өмір керуенінен қалып ізденіп, сол таққа өмір келуіне судай ешімге керек болмай қаласың.

(Ата мен немере әңгімесінен)

Алыста қалған Бөржарымды еске аламын. Бұл — Қосжанға да, маған да болмысы бөлек, қымбат өзеніміз. Балалық кезде шомылған өзенім де, жалаңаяқ баланың топырақта ізі қалған туған ауылында да үнемі түсіме енеді. Бір жағы туған жерге деген сағыныш болса, бір жағы Қосжан суреттеген ауылым, өзенім маза бермейді. Шынында екеумізге ортақ өзеніміздің мінезін, табиғатын айнытпай, сол қалпы суреттеген ғой:

Ақсаң да жағаңды бір құлатпастан,  
Ақпанда бойыңда әр кез қуат тасқан.  
Шалқисың мұзға оранбай, осынау үлгің  
Жүр мені қиындықта мұңайтпастан.

Өзенді адам мінезімен салыстыра бағалаған. Қосжанның табиғаты да тура сол Бөржарына тартқан. Асып-таспайды, қандай жағдайда да саспайды. Тіпті, қақаған аязда да қатпайды. Күштілер жыламайды. Жүрегі бар адамдар жылдаты ғой. Әйтсе де, күштілер көздерін көрсетпейді. Ақынның қай өлеңін аласың да, көз жасын көл қылған ешбір сәтін көрмейсіз. Қайта бәрінде де қайрат- жігерге, намысқа толы дүние, өмірге күштарлық бар. Бұл — өзін құрметтеген, бағалаған жанның тірлігі. Адам өзін құрметтемесе, қамшыламаса, намысын оятпаса, жетістікке жете алмайды ғой. Жолы биік, рухы күшті жан уақыт өткен сайын шыңдалады. Ақында осы мінез бар. Тіпті, әл үстінде жатқанда да:

Жасайды жаным мәңгілік,  
Жарқылдап бірге жырыммен.

Қоштасам деген қал, күдік,  
Қоштаспан әсте ғұмырмен! — деп қандай жағдайда да өмірмен қоштаспайтындығын жеткізеді.

«Адам бойындағы асыл қасиеттерді дамыту үшін алдымен батылдық керек. Батылдық болмаса, адам баласы қалайша ақиқат іздейді, қалайша махаббатты қорғайды?» — дейді үнділік қайраткер, философ Махатма Ганди. Ол — сындарлы сәтте де батыл адамға тән өз ойын қараңғы зынданға бұрмаған, төмендетпеген, қайта қайсарлықпен жарыққа, күнге ұмтылып, өзін биік ұстаған парасат иесі.

Сенің сөнбес жалының бар лапылдар,  
Сенің семсер-қайратың бар жарқылдар.  
Сен де шебер зергерісің бақыттың,  
Адам деген қасиетті атың бар! — деп семсер-қайратын іске қосады. Немесе:  
Өмір келді үйіме, өмір келді,  
Өмір өзі бөбекке еміренді!  
Менің гүлім — ертеңнің шын иесі,  
Жол жоқ, жол жоқ!  
Соғыс пен өлімге енді!

Иә, ол артында перзенті бар адамның өлмейтініне сенді. Артында іздеушісі болатынына сенді. Өлімнің өзі — биологиялық дүние. Рухани дүниесі жарық дүниеде жылдан жылға, ғасырдан ғасырға өмір сүретіне сенді.

# ҚОСЖАН

Дерті меңдеп, асқынған шақта, өліммен бетпе-бет келіп, арпалысып жатқанда ешкімнің мүсіркеуін қаламай, Қосжан қолына қаламын алып, қайрат- кемесіне мініп, намыс-жалауын желбіретіп новеллалар жаза бастайды. Оның бәрінде де жарық дүниеге деген күштарлықты, өлмес өмірді жырлайды. Жасық болуды жақтырмайды, пендешілікті мойынсынбайды. Шабытымен найзағай отын жарқылдатты. Жаңадан жазған новеллаларында өзінің адами ойларын астармен беріп отырыпты. Ол өліммен осылай күресті.

«Жарық дүние» деген новелласында екі көзі бірдей көрмей қалған Балабектің ота жасатып, мына жалғанды көруге үміті оянады. Артынан іздеп келе жатқан сүйген жары Гүлсараны қуанту мақсатында, дәрігерге айтпай, ота жібін мерзімінен бұрын алдыртып тастайды. Жіптердің алынғаны сол, қан саулап, жанарына құйылып, мәңгілік соқыр болып қалады. Бұған сағы сынбаған Балабектің бойында домбырашылық, ән айту өнері пайда болып, ел құрметіне бөленеді.



Шымкент мұғалімдер институтының студенттері Қосжан Мүсірепов, Дүйсенбай Елібаев, Бердәулет Тұрмағамбетов. 1948 жыл.

\*\*\*  
Қосжанды «Қазақтың Островский» дейді. Мұны Әбділда Тәжібаев айтқан. Бір ұқсастық бар. Салыстырып көрейік. Кеңес жазушысы Николай Алексеевич Островский 1904 жылы 16 қыркүйекте дүниеге келіп, 9 жасында мектепті Құрмет грамотасымен бітіреді. Он сегіз жасынан денсаулығының нашарлағанына байланысты дәрігерлік комиссия мүгедек деп таниды. 23 жасынан бастап өздігінен жүре алмады, буын ауруына, Бехтерев дертіне шалдығып, оған қоса полиартрит диагнозы қойылды. Бірнеше рет омыртқасына күрделі ота жасалды, бірақ бұл жағдайын жеңілдетпеді. Күннен-күнге нашарлай бастады.

Н. Островский төсекке байланған тұста шығармашылықпен айналыса бастайды. Тіпті, осынау өліммен арпалысқан кезінде Свердловск университетін сырттай бітіріп алады. Міне, осындай қиын шақта қайсарлықпен «Құрыш қалай шынықты» кітабын жазуды бастады. Романның алғашқы нұсқасын аяқтаған кезде жаңа қиындыққа тап болды, көзі көруден қалды. Сонда да жазуын тоқтатпастан, роман мәтінін туыстары мен әйеліне ауызша айтып, жаздыра түсті. Ол еш уақытта да көңілін түсірген емес. Айналадағы адамдарға: «Мені ауру деп есептейді. Не деген келеңсіздік! Мен саумын. Менің ештеңе көрмейтінім, қозғала алмайтыным

таралымы 53 миллион 854 мың данамен КСРО халықтарының 75 тілінде 773 рет жарық көрді. Николай 1936 жылы 22 желтоқсанда небәрі 32 жасында өмірден озды. Қосжанның жасымен салыстырғанда үш жыл ерте кеткен.

Дәл осыған ұқсас оқиғаны әртіс Кененбай Қожабековтің өмірінен де байқаймыз. 32 жасқа келген шағында, Балалар мен жасөспірімдер театрынан шығып келе жатқан кезінде Ыдырыс Ноғайбаев, Нұрмұхан Жантөрин үшеуіне кеше басбұзарлары шабуыл жасап Кенекеннің жұлынына әлденеше жерде пышақ салып, омыртқасын зақымдайды. Осы бір қарғыс атқан күнді актердің өзі «Құлап түскен күнім» деген екен. Бес сағат жасалған отадан кейін нардай жігіт бел омыртқасыз қалған. Шыдамдылық пен қайсарлықтың үлгісін көрсеткен ол өмірге күштарлық таныта білді. Дәрігерлердің қатал үкімі — алдағы өмір толығымен қозғалыссыздықтан тұратын болады. «Не істеу керек? Тек ішіп- жеу үшін, дем алу үшін өмір сүрмекпін бе? Жок! Бұл мен үшін емес». Берілген дербес зейнетақының өзінен бас тартады. Өмір үшін күресі осылай басталады. Кинорежиссер Сұлтан Қожықов досына Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықты» кітабын сыйлайды. «Кененбай, жата берме, қимылда, бізге сен керексің, мен саған бір тамаша рөл дайындап қойдым. Тезірек айығуын

## ҚОСЖАН МҮСІРЕПОВ ТУРАЛЫ ЛЕБІЗДЕР

Ақын Әбділда Тәжібаев:

«Ол нағыз қазақтың Островскийі еді. Қанша ажал арбаса да мойымаған, ауру қысса да берілмеген, өлім қасында жүрсе де елемеген қайсар рухты ақын еді».

Сатирик Садықбек Адамбеков:

«Ол кезде лирика жолы қиындау еді. Лирикамен әуестенушілерге тақпас ат болмайтын. Бәріміздің де жанр алмастырған себебіміз сондықтан. Ол Қосжан елге бізден қайтпай, бойындағы барын лирикаға бағыштан өтті».

Ғалым, филология ғылымының кандидаты Көбей Сейдаханов:

«Шыдамды, төзімді жан еді. «Қалайсың?» деймін көңілін сұрай барып. «Аса жақсы болмайын деп тұр» дейді ол жанына батқан ауру, жақындап қалған ажалды елемегендей жайбарақат».

Ақын Сабырхан Асанов:

«Қосжанның жасы бәрімізден ересек еді. Жасы ғана емес, оның жырлары да бәрімізден оқшау, озық тұрды. Бәрімізден ертерек танылды. Жауқазын жырларымызды жариялап, әдебиетке келуімізге де септігін тигізді».

Ақын Әбіраш Жәмішев:

«Біз кемеңгер Абайдың «Өлді деуге сыя ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деген екі жол өлеңін Қосжан Мүсіреповке деген бағыштап жазған да Қосжан өлген жоқ, өйткені оның артында өлмейтін, әрдайым жаңа ұрпақпен тілдесіп тұратын жырлары, жүректен жарып шыққан сөздері қалды».

Ақын Тұманбай Молдағалиев:

«Қосжанды еске алғанда кеше ғана құлын-тайдай ойнап кешке бір жолдасыңның оралмас сапарға мезгілсіз жөнеліп кеткенін еріксіз мойындап, артында қалған көзі ғой деп өлеңдеріне





# ӘЛЕМІ

үңілесің. Оның мұңды да нұрлы, жарқын да асқақ жырларынан ерекше ләззат алып, өмір сапарын тоқтатпаудың бір амалын тауып кеткен досыңа тағы бір риза боласың».

**Белгілі журналист Мұса Дінішев («Мәдениет және тұрмыс» журналының алғашқы редакторы):**

«Қосжан адал азамат, аяулы ақын болатын. Оның отаншыл, сырлы өлеңдері, лирикалық новеллалары қазақ оқушыларына белгілі. Аз ғана жыл ішінде өзінің еңбекшіл ісімен, тапқыр ойымен, досшыл жанымен үлгі, із қалдырды».

**Ақын Бекен Әбдіразақов:**

«Оның жүрегінен арман лебі әрдайым шалқып есіп тұратын еді. Қиялдаған сәтте көздері жайнап, жүзі нұрланып кететін. Бұл мінез оның өмірге деген шексіз құштарлығының көрінісі еді. Қосжан қаламынан туған жырларда осындай бір шуақ ойнап тұратын».

**Ғалым Құлбек Ерғобек:**

«Қосжанның ақындық таланты қос арнадан тәлімденгендей. Себебі, одан қалған мұра екі салалы. Бірі – үлкендерге арналған лирика, толғау, дастандар да, екіншісі – балғын бөбектерге арналған сәби мінезді өлеңдер».

**Ақын Ертай Ашықбаев:**

«Аяулы Қосжан бейнесін көз алдыңызға әкелесіз. Әкелесіз де оның талай талапты жасқа шапағаты тигенін, талай жастың томағасын сығырып, өлең өлеңіне аттағанын сығырып, Іә, Қосжан өлеңі бәріміздің жүректерімізден орын теуіп, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа кете бермек».

**Журналист Бердүәлі Тұрмағанбетов:**

«Біз Қосжанмен мұғалімдер институтында бірге оқыдық. Өте ізденгіш, сезімтал, оқудан асқақ еді. Абайдың кітабын жастанып жататын, өлеңдерін жатқа айтатын. Ерекше қабілетті еді».

керек», – деп, оған «Егер біз әрқайсымыз» фильміндегі Бақытжанның рөлін береді. Сенімін жоғалтпаған ауыр халдегі Кененбай таяқ таянып жүре бастайды. Мұндай жағдайды күтпеген дәрігерлердің өзі танырқайды. Сұлтан Қожықовтың берген рөлін ойнап жүріп, өзеннің иірінде қалған шопанды ойнау үшін дублерді қажет етпей, өзенге өзі түседі. Мұздай өзеннің суы Кененбайдың аяқтарын әлсіздендіріп тастайды. Осыдан соң амалсыз темір арбаға өмірінің аяғына дейін байланады. Қараңызшы, 28 жыл бойы осынау азапты бастан өткереді».

Кененбай алғаш пышаққа түскен кезде ұлы Ілияс бар-жоғы 9 жаста еді. Әкесі жүріп-тұра алмай, қол арбаға байланып отырған шағында, сүйген жарына еркіндік береді. Қаршадай бала әкесімен бірге қалуды жөн деп санайды. Осылайша 28 жағын бойы жарымжан әкесінің қасқабағына қарап қамқан бала болды. «Балам менің – аяғым да, қанатым да» деп баға берген екен. Ілияс Кененбайұлы Қожабеков – бүгінде ғалым-оқытушы, ұзақ жылдар Т.Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясында ұстаз болған өнер зерттеушісі. Кененбай Қожабеков 60 жасқа қараған шағында, 1988 жылы өмірден өтеді».

Дәл осы жағдайда өте танымал әнші Анна Германның да оқиғасы еске оралады. Анна 1936 жылы 14 ақпанда Өзбекстанның Үргеніш қаласында дүниеге келген. Бір кездері біздің Жамбыл қаласында да тұрған. 1967 жылы 27 тамыз күні 31 жасында Италияда ауыр автокөлік апатына түседі. Құтқарушылар тек жүргізушіні табып кет, машина жөнестіріп алынып алынып кеткен және шөптін арасында жатқан Аннаны байқамай қалады. Тек ертесіне таңертен сүйектерінің 49 сынығы (оның ішінде омыртқасы да) бар ауыр халде ауруханаға әкелінеді. Шындап келгенде, өмірге шексіз құштарлығы арқасында өмірге қайта оралады, яғни, арада 4 жыл өткенде ғана, 35 жасында сахнаға шығады. Құдды бір фантастика дерсіз!

1980 жылы атын әлем таныған Анна Германнан онкологиялық ауру табылады. 1982 жылы Варшаваның әскери

## ӨМІРДЕРЕК

Қосжан Мұсірепов 1932 жылы 9 қаңтарда қазіргі Түркістан облысы Ордабасы ауданы Бөржар өзенінің жағасындағы Бөржар ауылдық округіне қарасты «Бірлік» ауылында дүниеге келді. Әкесі Мұсірепов ақын болған еді. Мақата өсіруден рекорд жасап, әр гектардан 42 центнерден өнім алғаны үшін Қазақ КСР-нің Құрмет грамотасына ие болған. Мақталықтың бір бұрышына ескен қауыны піскен кезде базарға сатпай, Арыс қаласындағы балалар үйіне апарып беретін. Өзінің ұлдары – Қосжан, Сырым, Абай үшеуін де еңбексүйгіштікке, мейірімділікке тәрбиеледі.

Қосжан 1946 жылы 14 жасында Бірлік жетіжылдық мектебін бітірген соң Шымкенттегі 2 жылдық мұғалімдер институтына түседі. Сонда оқын жүрген кезінде жазған өлеңдері «Оңтүстік Қазақстан» газетінде жиі жарияланып тұрады.

1948 жылы оқуды бітірген соң өз ауылына келіп «Бірлік» мектебінде мұғалім болады. Үш жылдан кейін Арыс аудандық оқу бөліміне инспектор болып тағайындалады. 1952 жылы көктемде Арысқа көшеді.

1954 жылы Қосжан 22 жасында Арыс аудандық «Социалистік жол» газетінің редакторы болып тағайындалады.

1955 жылы Алматыда қазіргі Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түседі. Ақынның қызу шығармашылық қызметі осы кезде басталады. Түрлі жанрдағы кітаптары оқырмандар әлеміне жол ашады.

1959 жылы «Менің қарындасым», 1961 жылы «Менің апам – дәрігер», 1962 жылы «Кім батыр», 1963 жылы «Дос жүрегі», 1965 жылы «Арман лебі», 1966 жылы «Жалын» атты өлеңдер мен поэмалар жинағы жарық көріп, әдеби қауым мен оқырмандардың ыстық ықыласына бөленеді.

1967 жылы 3 наурызда ауыр науқастың әсерінен 35 жасында арманы асқақ ақынның жүрегі тоқтайды. Өмірден өткен соң «Гүлжазира» атты новеллалар жинағы баспадан шығады. Қосжанның Бақытжан, Қанат, Жанат, Гүлжазира, Раушан, Ғазиза атты балалары бар.

госпиталінде тамыздың 25-інен 26-сына қараған түні 46 жасында бақиға аттанады. Оның орындауында «Надежда», «Эхо любви», «Когда цвели сады», «Гори, гори, моя звезда» және т.б. әндер бүкіл Кеңес Одағында, тіпті, қазірдің өзінде жұлдызды әндер қатарында сырқалып келеді. Өмірден өткеннен кейін Ресейде, ТМД-ның бірқатар елдерінде, Германияда, Голландия мен АҚШ-та Анна Германға арналған кештер өтті. Таңғажайып таралыммен күйтабақтары басылып шықты.

\*\*\*

Тағы да Қосжан туралы ойлаймын. Егер қазіргі заманғы медицина болғанда аман алып қалуға болар ма еді?! Қараңыз, 1955 жылы 23 жасында арман қуып Алматыға аттанады, журналистика факультетіне оқуға түседі. Студенттер сол жылы Оңтүстікке мақтаға барады, жергілікті жерде антисанитарлық жағдайдан бір топ бала сары аурумен ауырады. Дерт сол кезде жабысады. Бұл нендей ауру екен? Дәрігерлердің айтуынша, вирусты гепатит деп аталатын бұл ауру да бауырды зақымдайды, зат алмасу бұзылады. Көп жағдайда симптомсыз өтеді, сондықтан диагностика дер кезінде қою қиын. Сонысымен де бұл ауру қауіпті саналады. Асқынудың салдарынан бауыр циррозы, бауыр ісігі, фиброз сияқты өте қауіпті ауруларға алып келеді. Бір жағы Қосжан сол кезде тынымсыз ізденудің нәтижесінде шығармашылық қарбаласы бастанатын еді. Себебі, әрі студент, әрі талантының арқасында кейіннен республикалық «Қазақстан пионері» газетінде жұмыс істеді. Бұл жерде аурудың сезілмеуі салдарынан асқындырып алуы да мүмкін.

Сол кезде, 1956 жылы 9 мамырда досы Шыналбайға жазған хатынан сырқат адамның жай-күйін аңғаруға болады:

«Шыналбай, сенің «...бір кездегі зор үміт пен талап бейне бір елес тәрізді сағымданып барады» деген сөздерің менің дос жанымды тебірентірді. Амал не, өмірде арманына жететіндер аз-ақ, санаулы-ақ. Міне, менің де бас бармағым тістеулі күйінде тұр әлі. Алматыға келген айлардың төрт айын ауруханада өткізіп отырмын. Естіген ауырып, емделіп ауруханада жаттым. Сол ауруым қайталап, 2 апрельден бері тағы да ауруханада жатырмын, достым. Қазіргі халім де онша емес. Көресіні көргеннің біреуі мендей-ақ болар.

Менің ауруым – бауырдың – адамның ас қорыту органының лабораториясының ауруы. Бауырым қазірдің өзінде, нешеме емделулерден кейін де, 3-4 см үлкейген күйінде тұр. Менің өмір бойы ішкілік ішуге (пивоға дейін) мүмкіндігім болмайтын болды. Оның бірін ауызға алсам – өлім қаупіне ұшырайтын

болмамын. Ішкілік ішпеген – жақсылық қой. Мұны мен нәзік, жарымжан болғаныңның бірі ретінде, жазып отырмын, ренжісіп отырғаным жоқ ішкілік ішпейтіміне.

Міне, тағы да физкультурадан біржола босатты. Осыдан да ауру халімді аңғарсың ғой, достым. Әлі де ауруханада ондаған күн жататын шығармын (одан көп болмаса...). Білмеймін, оқуға дәрігерлер (қазіргі екі-үш айда) рұқсат ете ме? Әдебиетке, не курортқа жібереді ме? Әйтеуір, сырқат халім – адам төзбестік...».

Хат иесі бұл жерде қайғы-мұңға берілгенін емес, «оқуға түсе алмадым, арманым орындалмады» деген досына басу айтып, қандай жағдайда да қайыспай алға ұмтылу, сенімді жоғалтпау кергін жеткізу мақсатында айтып отыр. Өзі қиындықта жүрс де, өмірге құштар жан ғана өмір биігін бағындыра алатынын аңғартып, дос пейілімен жігер беру үшін қолына қалам алған. Мұны мына сөздері айқындап тұр:

«Достым, екі көзінен айырылған жазушы большевик Н.Островскийдің мына сөздерін өзінің де, сенің де есіңе салғым келеді: «Умей жить и тогда, когда жизнь становится невыносимой. Сделай ее полезной» деп, «Біріміз аурусыз, біріміз оқи алмадық» деп, «Өмірдің тәлкегіне түсе беруімізге жол жоқ деген ұғым туады мұнан. Қолда бар мүмкіндікті сарп етіп, қайғы бұлтын басымыздан серпіп тастауға тиісіңіз, қуанышты өмір сүруіміз керек қалайда!».

Міне, біз білетін Қосжанның бейнесі!

Осы досынан басқа жанға аурудың әлегі туралы ешкімге тіс жарып айта алмаған. Қашанда дені сау адамдай тірлігін жасап, оқуын, бірінші семестрді тек 4 пен 5-ке аяқтаған. Өзінің редакциядан алған тапсырмаларының бәрін дер кезінде тап-тұйнақтай етіп орындап, өлеңдерін де жазып, отбасы терге де беріп отырған. Одан бөлек газеттер тірліктері, өтініш айтып келгендерге көмектесу, қомақты қарсы алу, қутулен арылмаған. Ішкі дүниесіндегі адам төзгісіз алапат азабын ешкімге сездірместен, өмірінің соңына дейін 12 жыл бойы арпалысқан. Қазіргі уақытта сәл балтыры сыздаған кей адам «ауырдым» деп жатып алса, ол жоғарыдағы диагнозбен шыдамдылығын, сабырлылығын, қайыршылығын, көңілдерін қайып қарайтын қасиетін бір сәт те жоғалтпаған!

Әбіш Кекілбаев ағамыз: «Ақын үшін ең зымыран тұңғыық та – жүрек, ең шырқау биік те – жүрек», – деген екен. Өмірінің соңғы сәтінде қайта-қайта қысылып, «Жедел жәрдем» шақырғанда, дәрігер: «Не деген мықты жүректің иесі еді!» – деген. Иә, жылынды жүрек иесі еді ол!

Әкім БІСҚАҚ,  
қоғам қайраткері, Қазақстан  
Жазушылар одағының мүшесі

(Басы 5-бетте)

Ахмет Байтұрсынұлына аудан атын қимай отырған Жасарал туралы ең сұмдық жазбалардың авторы фейсбукте танымал Ася Асеткинаға тиесілі. Біз бұны қаусаған шал деп жүргенде, Ася Жасекеннің жынысын ауыстырып, әлде айқындап, «апай» қылып жіберіпті.

«Жасарал апай, Жасарал Куанышалиннің оппозиция ауылының абызы емес, жәй ғана ұрысқак, шәйпауыз көп қатынның бірі екенін сенімен мен екеуіміз бірігіп алып, қоймай жүріп талдап, тарқатып дәлелдеп тастадық, ия? Бұл бір соңғы күндері бітірген үлкен игі іс болды ше! Жасарал Куанышалин – базардағы аузы бәйдеп баба, бабушқасын!» деп сойып салған жазбасында Ася тағы да Жасаралдың сатқындық жасағанын әшкерелейді.

Бұл жолы халықтың батыры, Алматыдағы «Шаңырақ» оқиғасының басты қаһарманы, ақын Арон Атабекке қалай қарсы шығып, әдеттегідей жала жапқанын жазады.

«1991 жылы АРОН АТАБЕК «Қазаққа керегі тек қана – Тәуелсіздік!» деген талаппен аштық жариялап жүргенде, Жасарал Куанышалин керісінше «қазаққа керегі Тәуелсіздік емес КОНФЕДЕРАЦИЯ!» – деп аштыққа жатады? Конфедерацияның мағынасы ол қазіргі Ресей құрамындағы Татарстан, Башқұртстан, Дағыстан елдері сияқты автономиялық ел боп қалуды көздеуші» деп, ұлт батыры Аронға қарсы шыққан, шын мәнінде Ресейдің қолтығында өмір сүруді жәнтәнімен қалаған Жасаралдың маскасын сыпырып алады Ася.

Сөйтіп, Жасарал Куанышалин дегеннің жалған оппозиционер екенін толық дәлелдеп, былай деп масқарасын шығарады:

«Аблязовқа қарсы мынадай сұрақ туады: Ходжаназаров Кулебаевтың адамы болса, Аслан Мусиннің (Мусин кімнің адамы сонда) қол астында 6 жыл Ақтөбе Ішкі Саясатпен басқарған менің Жасарал апайым, сіздің елдегі «фасс!» десең «ап-ап» деп онды-солды, бей-берекетсіз «ұрысұлтан, караордадан» арыға аса алмай арпылдай беретін овчаркаңыз Жасарал Куанышалин кім болғаны? НЕГЕ супероппозиционер Жасарал апай 72 жыл өмірінде (немесе өзі айтпақшы Ұрысұлтанмен 30-жылдық күресінде) бір күнде түрмеге отырмаған?».

Жасаралдың Арон Атабекке қалай қарсы шыққанын Ася нақты фактімен де шегелеп тұрып дәлелдеп береді. Сөйтсек, Есбол Өміржанов басып шығарған «АЗАТ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ОЙ-ПІКІРІНІҢ ТАРИХЫ» атты кітапқа берген сұхбатында Жасарал былай деген екен:

«... Жұрттан бұрын «Алаш» атын иеленіп қалуға жанталасқан жалған ұлтшылдар Рашид Нутушев пен Арон Атабек (Нутушев) деген САЯСИ АЛАЯҚТАР дүйім қазақтың мақтанышы болған осынау партияның атына кір келтіріп, ұлтқа өлшеусіз зиян тигізгеннен басқа түк те бітірген жоқ! Олар өздерінің әрі сауатсыз, әрі дөрекі әрі арандатушысыз-әрекеттерімен халық арасында «Алаш» атына қатысты теріс пікір тудырды. Ұсақ, күйкі



# ҚАНДЕНДЕРГЕ ТІЛ ЕМЕС, СҮЙЕК

**ЖАСАРАЛ КУАНЫШАЛИН. ЖАРЫЛҚАП ҚАЛЫБАЙДЫҢ ПОРТРЕТТЕРІ ЖӘНЕ ЖАНБОЛАТ МАМАЙ, СЕРІКЖАН БІЛӘШ, БЕРКИН САДЫКОВ, ТОҚТАР ЖАҚАШТАР ТУРАЛЫ ЭСКИЗДЕР**



тірліктермен ғана айналысты, небір бұзақылықтарға дейін барды. Қазіргі жасап жүрген тірлігі де жүрек айнытады. Имансыз Арон қайдағы бір «тәңіршілдік» идеясын қоздыру арқылы ұлт ішіне ірікті салумен айналысуда. Лас саясатты жүргізуші жалған «алаштықтар» – ағайынды Нутушевтардың өздерінде лас адамдар демесе амалым жоқ. Ал «Азат» қозғалысы – ел өміріндегі ең ірі саяси құбылыс, ірі тарихи құбылыс! ...».

Міне, бұл Жасарал Куанышалиннің өз сөзі.

Осы посттың астына белгілі мемлекетшіл тұлға, саясаткер, нағыз оппозиционер Балташ Тұрсымбаев «Ася! Қарындасым, Аллаһ разы болсын!» деп комментарий қалдырып, ризалығын да білдірген.

Ася демекші, Арон батырдың түрмеден шыққанын пайдаланып, хайп жасап қалғаны келгеннің бірі Жасаралмен жаны туыс, бүгінде мұхит асып кеткесін, бұрын билік туралы бір ауыз қарсы сөз айтпаған, енді елден шығып кеткесін, ауласына жетіп алған кәнденнің арланға шәуілдегеніндей фейсбуктің шалақ белсендісі боп жүрген Серікжан Бияшидің де масқарасын жұлып асып, масқарасын шығарады.

Айтпақшы, Ася Арон Ата-

бекке байланысты дау шыққанда Жасаралдың да, Жарылқаптың да, қытай тыңшысы Серікжан Бияшидің де масқараларын жұлып ап, масқараларын шығарып әшкерелеп тастады. Қазір бұл үшеуі Асяның аты естілсе шайларына шашалып, шалқасынан құлап қалады...

Серікжан Біләш Павлодарда Аронмен түрмеде өзі болып келгендей «Аронды ұлапты», «Аронды басынан ұрыпты» деп бірінің артынан бірін видеоэфир салғанын бәрі біледі.

«Мен 30-ы күні дабыл көтеріп эфир жасап едім, нұржүйе, нұрбилік, тіпті Нашарбайдың өзі менен қатты қорқып кетті де, Аронды босатып қоя берді» деп, өзінен басқа ешкім сенбейтін, балабақшадағылар да күлетін әңгімелер айтып, «Аронға қарап жатқан қарындасы Разия, қызы Алма – КНБ-ның адамы». «Аронды олар өлтіргелі жатыр», «Арон 10 күнде, 20 күнде өледі», «Қазір өлмесе Арон Жаңа жылға жетпей дәл өледі» деген жалған, сайқал дабылдар тастап, елді арандатып жүрген сол Бияши де ұлтшылдарға қарсы адамның бірі екенін атап өту керек.

Серікжан қазір Нью-Йоркте бұрын Қытайдағы тыңшылар дайындайтын орталықта өзімен бірге оқыған Қытай тыңшысы Фу Ши Чу екеуі соның үйінде

бірге тұрып жатқаны қанша жасырғысы келсе де, елдің бәріне белгілі болып қалды...

Алманияның азаматы, қандастарымыз үшін қайрат көрсетіп жүрген қайраткер қандасымыз Өмірхан Алтынның Қытайдағы қысымды осыдан 3 жыл бұрын Брюссельде әлемге ең алғаш әшкере еткен «Атажұрттың» негізін қалаған сол кездегі тұңғыш төрағасы Қыдыралы Оразұлы екеуі екенін, ал ол Қытай қылмысын әшкерелейтін сапарға Серікжан Бияшидің түрлі сылтау айтып, бармай қалғанын Фейсбуктегі өз парақшасы мен «Қазақ үні» ұлттық порталына шығаруы Бияшидің де есін шығарып, ақылынан аdataстырып, аузына келгенін отақты жатыр.

Сол кезде Бияшидің Брюссельге неге бармағанын оны жақсы білетіндер «Серікжан Қытай тыңшысы болғандықтан, әрі Бейжіңдегі қожайындары рұқсат бермегендіктен Брюссельге бара алмады» – деп жазғанын оқыдық.

Бұлардың барлығының далбаса тірлігі Парламентте ұлттық өткір мәселелерді батыл көтеріп, орысша сөйлеген министрлер мен басшыларды тықсырып келе жатқан, көрнекі ақпараттардың мемлекеттік тілде жазылуын міндеттейтін заң қабылдануында белсенділік танытқан Қазыбек Исаға қарсы орысқұлдардың ұйымдасқан шабуылына қосамжарлана қосыла шапсақ, қолымызға бірнәрсе тиіп қала ма деген есекдәме екені анық.

Бұлардың қатарындағы тағы екі байбақ бар. Бірі аты-жөнін қазақша жазуға сауаты жетпеген Беркин Садыков, екіншісі Гитлерді дәріптеймін деп елді шулатқан Жарылқап Қалыбай.

Қолынан түк келмейтін Беркин Садыков деген фейсбук парақшасында осыдан бес жыл бұрын блогер Бекболат Қаржанның ақын Қазыбек Исамен түскен суретін жариялап, «Мәжіліс депутаты және оның

пікірлестері қазақтың қамын ойлайды» дейтіндер сапқа тұрындар))» – деп Жарылқап қойыпты. Сол постқа Жарылқап Қалыбай Қазыбек Иса туралы Жасарал ағасы сияқты көшедегі қатындар да айта қоймайтын оттаубай жазыпты!

Беркин Садыковқа Бекболат бауырымыз «Кәрі теке» деп лайықты ат қойып, фейсбукте масқарасын шығарып жазды.

Сендер, екіжүзді Жарылқап Қалыбайың, Жасарал Куанышалиннің бар, Қытайдың алаяқ тыңшысы Серікжан Бияшидің, әкімдіктің штаттағы митингішісі, сценарий бойынша көшеге шығатын Жанболат Мамайың, мынау «кәрі теке» Беркин Садықов деген өз аты мен атасының атын да қазақша жаза алмайтын сауатсызың бар, қазақ ұлтшылдарына қара күйе жағып, жала жауып, ірікті салудан басқа не істедіңдер ел үшін?!

Сендер Халық Сенетін Мұқтар Шаханов, Қазыбек Исалардың тырнағына да тиспейсіңдер ғой, сондықтан күндес қатын сияқты көре алмай, күнде бір өтірік өсек жазасыңдар бейшаралар.

Жарылқап деген жанкешті бейшара, анау жылы аспанда аяғыннан тұра алмай, ұшақтағы стюардессаға аузына келгенін айтып тиіскенінде, сауатсыз стюардессаның қазақ тілінде сөйлемегенін негіз қылып, сені қорғаған ұлтшылдар еді ғой?! Мұқтар Шаханов, Қазыбек Исалар бастап, «Қазақ үні» газеті-сайтында қолдап, қорғап еді ғой?! Сондықтан үш күн ғана жатып, жазанды жеңіл өтеп құтылдың.

2011 жылы Қазақ тілін қолдап жазылған Шаханов бастаған әйгілі 138-дің Ашық хатына қарсы шығып, қол қоймаған Жанболат Мамай тіпті, кейін өзінің газетінде орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беру туралы мақала жариялаған. 2014 жылы Жанболат Мамайдың «Ашық алаң -Трибуна» газетіне

Тәуелсіздікке, қазаққа қарсы Са-кен Жунисов деген орысқұлдың «Орыс тіліне де мемлекеттік статус беру керек. 131 ұлттың да тілдерінің өз статустары бо-луы керек» деген оттаубайын жариялаған.

Бұған ұлт зиялылары түгел қарсы шыққан. Қазақтың көрнекті ақыны, шындық жыршысы Темірхан Медет-бек: «АШЫҚ АЛАҢ» – ӘРКІМ САРЫП КЕТЕТІН САСЫҚ АЛАҢҒА АЙНАЛДЫ!» - деп сойып салған!

Сонда осы Жарылқап деген аспандағы «тіл жанашырының» жерде маскасы шешіліп қалды. Бұл сатқын да «орыс тіліне мемлекеттік мәртебе берейік» деген сөзді газетіне жариялаған Жанболат Мамайды жақтап шықты!?

Бұл Жарылқабың да,

келді, қайтарғын» деп ренжиді. Біразы «осыдан қолымызға түссең ондырмаймыз» деп ашуға мінеді.

Анау жылдары 31 арнада белгілі журналист Берік Уәли «Дода» хабарын жүргізетін. Сол хабарға қатысқан бір белгілі журналист біраз жыл бұрын бір қызық жәйтті жазыпты.

«Дода» хабарын түсіріп жатқанда қатысып отырған екі-үш журналистті қа факультетінде оқитын студент қыздар: «Жарылқап Қалыбай, студенттерге сабақ берудің орнына бізді қатесі қаптаған сауатсыз журналыңызға жегіп қоясыз да, тесік тиын да бермей, текке жібересіз, біздің ақшаларымызды қашан қайтарасыз. «Жұлдыздар отбасы» деген журналыңызда одан екі жыл бұрын шыққан

қыздың айтқандарын эфирге жіберме! Егер эфирге шығарсаң, мен сені сотқа беремін» деп кәдімгідей тікендеді екі елі шекесіне жеті елі әжім жинап тырысып. Берік мырза үндемей, мүсіркеп күлді де қойды. Бірақ, «Дода» хабарына екі қыздың Жарылқапты масқаралаған айыптаулары шығып кетті. Шама-сы, Берік Уәлиге Жарылқаптың зіркілдегені ұнамай қалды не-месе шындықты жасырғысы келмеген болуы керек.

ҚазҰУ-де студенттерге сабақ беріп жүргенде Жарылқаптың жанама аты «Орбит» екенін ел әлі күлкі қылып айтады. Сессия кезінде емтихан тапсырғанда, ол студенттерге қалтасында толып жүретін сағыздарын ұсынады екен. Оқытушысымағының «Орбитін» сатып алған студент орғып өтіп кетеді сессиядан.

жақсылап айтып берді фейсбук парақшасында.

А с я н ы ң а й т у ы н ы ш а , Жарылқапқа кім ақша төлесе болды, сол «Аңыз адам» кейіпкері бола қалады екен?! Тіпті өзінен басқаның бәрін жамандамаса, ішкен асы бойына сіңбейтін, тіпті оппозиция серкесі Серікболсын Әбділдиннің асында сөз бермей қойғаны үшін Балташ Тұрсынбаевқа «билік адамы, сатқын» деп жала жаба салған, кезінде 2011 жылы Мұқтар Шаханов бастаған ұлт зиялыларының Президентке жазған қазақ тілін қолдау хатына қарсы шығып, қол қоймаған Жа-сарал Куанышалинді де «Аңыз адам» қыла салды. Өйткені екеуі қосылып алып, Шаханов-тан бастап халық қолдайтын ұлтшылдарға күйе жағу керек болды! Әйтпесе, Жасарал сияқты өмір бойы әркімге жала жауып, жамандаумен бок жинаған қоңыз адам қалай «Аңыз адам» болады?! Күлесің бе, жылайсың ба?

Айтпақшы, Балташ Тұрсым-баевты «биліктің, үш әріптің адамы, сатқын» деп күйелегенде әлеуметтік желіде Қазыбек Иса: «Егер оппозицияның нағыз айнымас серкесі Серікболсын Әбділдин қайтыс болса сеп-пей, Жасаралға жай ғана сын айтқанда оны да «биліктің ада-мы, сатқын» деп шығар еді бұл қызылқөз жалақор» деп, тура тауып жазып еді...

Журналдағы кілең өтірікке құрылған осы сұқбатында Жас-арал мен Жарылқап екеуі жабы-лып, қазақтың белгілі дарынды ақыны Қазыбек Исаға жала жа-бады. Есі дұрыс адам ешқашан сенбейтін қисынсыз қып-қызыл өтіріктер қаптап жүр ішінде.

Жасарал Куанышалин де-ген атасының атын да қазақша жаза алмайтын (фейсбук ак-каунтында тегін Куаныша-лин деп орысша жазады тексіз неме, өз атында қазақтың төл әріптері жоқ, әйтпесе, олар-ды да ойланбай орысша жазар еді) қазақ тілінің сатқынының сөзіне қараңыздар. Ол сорлы Абай атындағы пединститутта оқытушы боп жүргенде студент Қазыбек Исаға қалай өлең жа-зуды үйреткен-мыс, поэзиядағы ұстазы болған-мыс екен өзінің оттауынша)). Ал Қазыбек Исаның «Қазақ үні» сайтындағы «Жапқан жалаларының жа-назасы шықты Жасарал-Жанболат» және «Адамдар-ды алдағанмен Алланы қалай алдайсың Жасаралы» деген бұлардың жалаларының күл талқанын шығарған күшті мақалаларында мамандығы орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Жасаралдың ин-ститутта орыс тілінен сабақ бергенін, «Педагог» газетінде жауапты хатшы болғанда өлең апарып тұратын көркемсурет-графика факультетінің бірінші курс студенті Қазыбек Иса-дан түсінбей отырған қазақ сөздерін сұрап алатынын, бірде «абат» деген сөздің мағынасын білмей, сұрап алғанын жаза-ды. Сол қазақ сөздерін толық білмейтін Жасарал дарынды ақын Қазыбек Исаға қалай өлең жазуды үйреткен екен-мыс! Қиял-ғажайып шығарма жазып отырған секілді екі ессіз неме! Мұндай өтірікке күлгенде ішегің үзіліп кете жаздайды?! Бұлбұлға ән айтуды үйреткен есек дерсің Жасарал мен Жарылқапты тура Крыловтың мысалындағыдай.

Қазір Жарылқаптың жур-

налдары жабылған. Істейтін іс, түсіп жатқан тиын жоқ. Содан соң тапсырыс алып, жұртты жа-мандап күн көрмегенде қайтеді бұлар?

Жарылқап «Аңыз адам» журналына Гитлерді шығарып, тұтылғанда да, Қазыбек Иса басқаратын «Қазақ үні» қорғап шығып еді.

Артын тазалап алмай ма ал-дымен біреуге жала жаппай?!.

«Өзің диуанасың, кімге пір боласың» дегендей бұл бейшаралардың қасқырға сүйкенген кәндендер секілді Мұқтар Шахановта, Қазыбек Исада т.б ұлтшылдарда несі бар десейші! Бұларды өлтіріп бара жатқан қызғаныштың қызыл итінің қыңсылап жатқаны – халықтың Мұқан мен Қазекене деген ыстық ықыласы!

Кеше ғана фейсбукте халық дауыс беріп, еліміз бойынша екі-ақ күнде ең көп дауыс (6 мындай) жинап, «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК ДЕПУТАТЫ» ата-нып еді, бірден кәндендердің шәуілдеуі қатты күшейіп, хорға айналып кетті.

Айтпақшы, Тоқтар Жақаш деген де нағыз күндес қатынның өзіндей екен ешкімді көре ал-майтын. Бұл да «Қазақ үні» ұлттық порталында Президент-тен Мемлекеттік тіл туралы заңды талап етіп, бір айда қол қойған 126 мың адамға тиісіп, «өзге ұлттарды да ойлайық» деп, мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауға қарсы шыққан. Тілге қарсы шыққан ешкімді аямайтын Қазыбек Исаның сол кезде жазған «Жақашы бар елге жаудың керегі жоқ» деген мақаласы мақалаға айналып кеткенін кешіре алмай жүрген бұл неме тағы да оттапты. Өзі тағы әркімнен қарыз алып, бер-мей қашып жүрген байғұс деседі!

Қазыбек Иса ұлтшылдығы үшін, мемлекеттік тілді батыл көтеріп, биыл қабылданған көрнекі ақпарат туралы заңда мемлекеттік тілге басымдық беруге бар күшін салғаны үшін, 2019 жылы Павлодар мен Петропавлдың атын ауысты-ру бастамасы үшін Ресейдің қара тізіміне кірген. Енді оған қоса Қазімақстанның тапсы-рыс орындағыш «Козловтың ұлтшылдарға қарсы торпедо-сы» Жасаралы бар, жандай шап Жарылқап, Жанболаттар жаудан бетер Жақаштар мен тыңшы Биәши, бетсіз Беркин-дер Қазыбек Исаға қара күйе жағып, Ресей мен Қытайдың қолшоқпарлары болып, тапсы-рыс орындап отыр.

Бұларды жақында Ресей шовинистері марапаттап жат-са, таңғалмаймыз. Мүмкін жа-сырын марапаттап та жүрген болар, кім біледі...

Сүйеніштері сүйек лақтырса, сүйкенбейтін адамы жоқ бұлар Қазыбек түгілі Қазағына қара күйені аямай жағып береді... Өйткені, кәсіптері солай!

Жасарал бастаған бұлардың фейсбук парақшасына бір сын жазсаң, сені дереу блоктап та-стап, пікірлерінді өшіреді. Яғни, есіктерін тарс жауып алады.

Үйшіктерінен шықпай үріп жатқан кәндендер, қызға-ныштан өліп кетсеңдер де, біз, сендерге сенбейміз де, ермейміз де ешқашан! Ел, біз, ұлтшыл жа-стар, Мұқтар Шаханов, Қазыбек Исалар бастаған ұлтшыл тұлғаларымызды, қолдаймыз!

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ,  
«Қазақ үні»

# ҒАНА КЕРЕК



Жасаралың да, Жанболатың да, Бияшиінде арттарын тазалап алмай, ауаны сасытып жүріп, ақиық ақын, халық батыры Мұқтар Шахановқа тиісетіндерін қайтерсің, пілге үрген кәндендей аттарын шығару үшін?!

Басқаларының сыбағасын беруді кейінге қалдырып, енді Жарылқапқа жеке тоқталайық.

Ол 2015 жылы президенттікке түсемін деп, арамтер болғанда Мұқтар Шахановқа барған ғой ентігіп. Мұқанның «шамана қарасайшы» деп, шындықты айтқанына шамданып шыға келеді. Бұл туралы Мұқанның өз сөзімен баспасөзде жарияланған сұқбатынан үзінді келтірейік:

«Жуырда Жарылқап Қалыбай деген жігіт Президенттік сайлауға түспекші болды.


Оған мен «дауыс ала алмайсың, бос әуре болма, бес мың дауыс жинасаң мұрнымды кесіп берейін» деп әзілдедім. Ол телеарнаға, баспасөзге «мен 120 мың дауыс жинаймын» деп сұхбат беріпті. Содан іске бел-сене кірісіп, зорға дегенде алты жүздей дауыс қана жинады. Керекті дауыс 93 мың ғой. Ал, енді сол Жарылқап жаңа партия құрмақшы. Оған «Халық рухы» партиясы кедергі болуы мүмкін ғой. Сол үшін ол мені жамандаудың өзгеше тәсіліне көшіпті,»-деп жазды «Абай.кз» бастаған біраз сайттарда.

Осы сайттардың астындағы пікірлерді оқысаңыздар, Жарылқаптың жасаған талай иттіктеріне куә боласын. Біраз журналистер «біздің жа л а қ ы м ы з ы қ а ш а н қайтарасын, қазір ораза айы

«Жұлдыздар құпиясы» басылымының идеясын ұрлап алдыңыз» — деп, масқара қылды. Жарылқап сол жерде жер болып, сөйлей алмай, тұтығып қалды. Хабардан соң сыртқа шығарда Берік Уәлиге: «Жаңа хабарда мені айыптаған ана екі студент

Сағыз алмағандардың емтихан-ның сағызша созып жүре береді екен қанша жақсы жауап берсе де?

«Аңыз Адам» деген журналының қалай шыққанын жақында сол кезде сонда істеген жақын қарындасы Ася Асеткина



# ШТУРМ АЛМАТЫ: КАКИЕ ЕГО ПРИЧИНЫ?

«Обращает на себя внимание высокая организованность хулиганствующих элементов. Это свидетельствует о тщательно продуманном плане действий заговорщиков, которые мотивированы финансово. Именно заговорщиков». Так сказал президент Касым-Жомарт Токаев после того, как площади мирных митингов превратились в поле битвы. Казалось бы, надо выявить этих заговорщиков, назвать их имена и наказать их.

## ПРОТЕСТАМИ ВОСПОЛЬЗОВАЛИСЬ «СЕРЫЕ КАРДИНАЛЫ» ЗАГОВОРА?

Однако через некоторое время на официальном уровне больше стали говорить о террористах, притом международных террористах. При этом не предоставляли никаких фактов, не поймали ни одного иностранного «профессионального» террориста из многочисленных вооруженных боевиков, будто вторгнувшихся в Казахстан. Тем более никакая международная террористическая организация не взяла на себя нападение на Алматы.

